

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ
ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ**

**ҚР ВН «АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ»
ҚР ВН 3.1-001-2024**

**ВН РК «АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ»
ВН РК 3.1-001-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2024 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ»
ҚР ВН 3.1-001-2024**

Ресми басылым

Астана 2024

АЛҒЫСӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ** «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ)

- 2 **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2024 жылғы «25» қарашадағы №144 бұйрығымен

- 3 **КЕЛІСІЛДІ** «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 2024 жылғы «20» қазаның № 03-01/12- 01/3536-И хаты

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» ШЖҚ РМК 2024 жылғы «02» қазанындағы № 03/1766 хаты

- 4 **АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2029 жыл

- 5 **ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

- 6 **ҚР ҚН 3.03-01-2013, ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 ОРНЫНА КЕНГІЗІЛДІ**

Құжат Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>) сондай-ақ, «InfoZhol – <http://infozhol.kad.org.kz>» электронды мәліметтер базасында қол жетімді.

Осы Ведомстволық норматив Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

Кіріспе	IV
1 Қолдану саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер.....	1
3 Терминдер мен анықтамалар.....	3
4 Автомобиль жолдарын жобалауға қойылатын жалпы талаптар.....	11
5 Автомобиль жолдарының жіктелуі, есепті жылдамдықтар мен жүктемелер	14
6 Автомобиль жолдарының негізгі элементтерін жобалау ережелері	21
6.1 Жолдардың көлденең пішінінің параметрлері	21
6.2 План және бойлық пішін	33
6.3 Ландшафттық жобалау	38
6.4 Жаяужолдар мен велосипед жолдары	41
7 Жол айрықтары мен автомобиль жолдарының инженерлік коммуникациялармен қиылысы	46
7.1 Автомобиль жолдарының қиылыстары мен түйісулері	46
7.2 Автомобиль жолдарының бір деңгейде қиылысулары мен түйісулері.....	47
7.3 Өтпелі-жылдамдықты жолақтар	48
7.4 Автомобиль жолдарындағы әр түрлі деңгейлердегі көлік айырықтары.....	51
7.5 Автомобиль жолдарының теміржолдармен қиылысы.....	53
7.6 Автомобиль жолдарының инженерлік коммуникациялармен қиылысуы.....	54
8 Жер төсемі.....	55
8.1 Жалпы талаптар.....	55
8.2 Топырақтар	58
8.3 Жер төсемінің жоғарғы бөлігі (жұмыс қабаты).....	59
8.3.1 Үйіндінің жұмыс белгісі жамылғы бетінің жер асты суларының есептік деңгейінен, үстіңгі қабаттан немесе ұзақ уақыт (30 тәуліктен астам) тұрған жер үсті суларынан, сондай-ақ қамтамасыз етілмеген жер үсті ағыны бар телімдерде жер бетінен немесе 30-кестеде келтірілгеннен кем емес қысқа (30 тәуліктен аз) тұрған жер үсті суларының деңгейінен көтерілуін қамтамасыз етеді.	59
8.4 Үйінділер.....	62
8.5 Ойық	66
8.6 Күрделі жағдайлардағы жер төсемі	68
8.7 Су бұру құрылғылары	72
8.8 Жер төсемі мен су бұру құрылыстарын нығайту	73
9 Жер төсемесі	74
9.1 Жалпы талаптар.....	74
9.2 Қатты жол төсемелері	76
9.3 Қатты емес жол төсемелері	81
9.4 Қосымша негіз қабаттары, тұрақ жолақтары, жиектердегі шет жолақтар және бөлу жолақтарындағы қауіпсіздік жолақтары.....	82

9.5 Жол төсемесіне арналған материалдар	84
10 Көпір құрылыстарына, су өткізгіш құбырларға, тоннельдерге қойылатын талаптар	96
11 Жолдарды жайластыру және жол жабдықтары, қорғаныш жол құрылыстары.....	96
12 Жол және автокөлік қызметтерінің ғимараттары мен құрылыстары	104
13 Қоршаған ортаны қорғау	109
А қосымшасы (<i>ақпараттық</i>)	112
Б қосымшасы (<i>міндетті</i>)	118
Библиография	120

Кіріспе

Осы ведомстволық норматив [1], [3], [4], [5], автомобиль жолдарын жобалауға қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік құқықтық және техникалық актілер талаптарына сәйкес әзірленді

Осы ведомстволық нормативтің басты бағыты - қалалық және ауылдық елді мекендердегі толыққанды жайлы мекендеу ортасы мен тіршілік әрекетін ақпараттандыру қауіпсіздігін көздейтін талаптарға сәйкес халықаралық стандарттарды әзірлеу.

Осы ведомстволық норматив елді мекендердің шекарасынан тыс орналасқан жаңадан салынып жатқан, қайта құрылып жатқан және күрделі жөнделіп жатқан жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жобалауға қолданылады.

Осы ведомстволық нормативтің талаптары қалалық көшелер мен жолдарға, ауылдық елді мекендердің көшелері мен жолдарына, уақытша жолдарға, саябақ жолдарына, өнеркәсіптік кәсіпорындардың жолдары мен қар үстінен салынған автожолдарға қолданылмайды.

1 Қолдану саласы

Осы ведомстволық норматив елді мекендердің шекарасынан тыс орналасқан жаңадан салынып жатқан, қайта құрылып жатқан және күрделі жөнделіп жатқан автомобиль жолдарын жобалауға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы ведомстволық норматив жобаланып жатқан автомобиль жолының құрылымдық элементтерінің параметрлеріне, класы мен санатына қарай негізгі жол-құрылыс материалдарының сипаттамаларына қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы ведомстволық нормативтің талаптары өндірістік кәсіпорындарға және емдеу-профилактикалық, әлеуметтік-мәдени және өзге де мақсаттағы нысандарға кірме автомобиль жолдарын жобалауға қолданылады. Қолданылу мерзімі 5 жылдан аспайтын басқа шаруашылық автомобиль жолдары мен уақытша автомобиль жолдарына, сондай-ақ қалалар мен өзге де елді мекендердегі көшелерді жобалауға қолданылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай анықтамалық нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 781-2004 Жол құрылысына арналған тұтқыр қождар. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 973-2015 Жол және аэродром құрылысына арналған бейорганикалық тұтқырлармен өнделген тас материалдары мен топырақ. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1125-2021 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар.

ҚР СТ 1215-2003 Қара қиыршық тас. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1217-2003 Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1218-2024 Органикалық тұтқырғыштар негізіндегі жолдық және әуеайлақтық құрылысқа арналған материалдар. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1222-2003 Фосфор өндірісінің қожынан қиыршықтасты қолданып жасалған асфальт-бетонды қоспалар мен асфальт-бетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1223-2019 Жол, әуеайлақ және полимерасфальтбетон қоспалары және полимерасфальтбетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1225-2019 Жол, әуежай және асфальтбетон қоспалары және асфальтбетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1278-2004 Жол шектеулері жүйесі. Қауіпсіздіктің металл тосқауылдары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1279-2013 Автомобиль жолдары және әуежайлар. Жолдың кедір-бұдырлығын және автомобиль доңғалақтарының жол жабынымен ілінісу коэффициентін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1284-2004 Құрылыс жұмыстарына арналған тығыз тау жыныстарынан алынған қиыршықтас және ұсақ тас. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1379-2012 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары мен су өткізу құбырлары құрастырылымдардың жақындау габариттері.

ҚР СТ 1380-2017 Автомобиль жолдарында көпір құрылымдары. Жүктемелер мен әсерлер.

ҚР СТ 1412-2017 Жол қозғалысын реттеудің техникалық құрылдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1413-2005 Автомобиль және темір жолдар. Жер төсемдерін жобалауға қойылатын талаптар.

ҚР СТ 1549-2006 Автомобиль жолдарының және аэроланнның жамылғылары мен негіздеріне арналған қиыршықтасты-малтатасты-құмды қоспалар және қиыршықтас. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 2373-2019 Жол, әуеайлағы, қиыршық тасты-мастикалық полимерасфальтбетон қоспалары және қиыршық тас-мастикалық полимерлі асфальтобетон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8736-2014 Құрылыс жұмыстарына арналған құм. Техникалық шарттар.

ГОСТ 22733-2016 Топырақтар. Максимальды тығыздықты зертханалық анықтау әдісі.

ГОСТ 23558-94 Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық емес тұтқырғыштермен өңделген шағыл тасты-қиыршық тасты-құмды қоспалар және топырақтар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24451-80 Автожол тоннельдері. Ғимараттар мен жабдықтардың жақындау өлшемдері.

ГОСТ 25100-2020 Топырақтар. Жіктелуі.

ГОСТ 25192-2012 Тетондар. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 26633-2015 Ауыр және ұсақ түйіршікті бетондар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 30491-2012 Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқырғыштармен нығайтылған органикалық минералдық және топырақ қоспалары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 31015-2002 Асфальтбетон және шағыл тасты-мастикалық асфальтбетон қоспалары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 32843-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Сигналдық жол бағандары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 32944-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жаяу жүргіншілер өткелдері. Жіктелуі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 33128-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 33151-2014 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Техникалық талаптар. Қолдану ережелері.

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 және ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.03-03-2014 және ҚР ЕЖ 3.03-103-2014 Қатты жол төсемелерін жобалау.

ҚР ҚН 3.03-04-2014 және ҚР ЕЖ 3.03-104-2014 Қатты емес жол төсемелерін жобалау.

ҚР ҚН 3.03-11-2013 және ҚР ЕЖ 3.03-111-2013 Теміржол және автожол тоннельдері.

ҚР ҚН 3.03-12-2013 және ҚР ЕЖ 3.03-112-2013 Көпірлер мен құбырлар.

ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 Құрылыс климатологиясы.

ҚР Ұ 218-76-2008 Жол құрылысында резеңке үгінділерін қолдану жөніндегі ұсынымдар.

Ескертпе - осы ведомстволық нормативтерді пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың тиісті мерзімді ақпараттық көрсеткіштері бойынша анықтамалық стандарттар мен жіктеуіштердің қолданылуын тексеру орынды. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы ведомстволық нормативтерді пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген Ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы нормативте ҚР СТ 1053 бойынша терминдер қолданылады.

Оларға қосымша осы құжатта мынадай терминдер және олардың анықтамалары пайдаланылады:

3.1 Автомобиль жолы: Жылдамдығы, жүктемесі, габариті белгіленген автомобильдер мен басқа да келік құралдарының үздіксіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін автомобиль қозғалысына арналған инженерлік ғимараттар кешені, сондай-ақ аталмыш кешенді (көлік орнын) орналастыруға берілген жер телімі және олардың уәстіндегі бөлінген белгіленген габариттің шетіндегі ауа кеңестігі. Автомобиль жолдары төмендегіше бөлінеді :

- Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары;
- Шаруашылық автомобиль жолдары;
- Қалалар мен елді мекендердің көшелері.

3.2 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары: Жеке және заңды тұлғалардың жүруіне шектеу қойылмаған автомобиль жолы. Олар

халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары деп өлінеді.

3.3 Халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары: Көрші мемлекеттердің астаналарын байланыстыратын, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерге сәйкес халықаралық автомобиль жолдарының желісіне енетін автомобиль жолдары.

3.4 Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары: Көрші мемлекеттер, республикадағы ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтар арасындағы көлік хабарламасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары, сондай-ақ қорғаныс маңыздылығы бар автомобиль жолдары.

3.5 Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары: Республиканың әкімшілік орталықтарын, ауылдық елді мекендер мен, сондай-ақ халықаралық және республикалық маңызы бар жолдардан басқа, аудан орталықтарын республикалық маңызы бар жолдармен байланыстыратын автомобиль жолдары.

3.6 Шаруашылық автомобиль жолдары: Шаруашылық субъектілердің аумағындағы автомобиль жолдары, олардың өндірістік-шаруашылық жүк тасымалдарына қызмет ететін, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарынан ауылшаруашылық ұйымдардың шаруашылық ішіндегі жолдарына кіреберіс жолы, қызметтік, патрульдік және жеке автомобиль жолдары.

3.7 Көше (көшенің жүру бөлігі): Қала немесе басқа да елді мекендердің шекара шегіндегі автомобиль жолы.

3.8 Автомагистраль: Әрбір қозғалыс бағытында бір-бірінен шекаралық сызық арқылы бөлініп тұратын, өтетін бөліктері бар жол, шекаралық сызық болмаған жағдайда – басқа жолдармен, темір немесе трамвай жолдарымен, жаяу жүргінші немесе велосипед жолдарымен бір деңгейде қиылысы жоқ жол.

3.8 Жолдардағы міндетті элементтер: Қажетті жердің барлық жеріндегі жобаның, жолдың жол бойындағы және көлденең профиліндегі элементтері белгілі бір техникалық категориялы жол үшін міндетті болып табылады.

3.9 Бөлінген алап: Автомобиль жолдарының тиісті құрылымдық элементтері мен инженерлік құрылыстарын, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды, қорғаныш және сәндік орман екпелерін және оларды пайдалану үшін қажетті жол байланысы құрылғыларын орналастыру үшін автомобиль жолдары алып жатқан көлік жерлері.

3.10 Жол бойындағы жолақтар: Шекараларында көлік қозғалысы мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жерді пайдаланудың ерекше шарттары белгіленетін автомобиль жолдарының бөлінген жолағына іргелес жер телімі.

3.11 Автомобиль жолдарының желісі: Ел аумағындағы барлық автомобиль жолдарының жиынтығы.

3.12 Жол сервисі нысандары: Қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, жанармай құю станциялары, техникалық қызмет көрсету станциялары, тамақтану және сауда пункттері.

3.13 Автомобиль жолдарын пайдаланушылар: Жол қозғалысына қатысушы болып табылатын немесе автомобиль жолдары мен жол бойындағы жолақ шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

3.14 Автомобиль жолын күрделі жөндеу: Қолданыстағы техникалық санатын өзгертпестен автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамаларын қалпына келтіру және (немесе) жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені.

3.15 Автомобиль жолын күтіп-ұстау: Автомобиль жолының тиісті техникалық жай-күйін қолдау, оның техникалық жай-күйін бағалау, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешені.

3.16 Жол қызметі нысандары: Жол-пайдалану кешендері, пайдалану қызметінің қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер, автобус аялдамалары, павильондар, демалыс алаңдары, автомобильдердің қысқа мерзімді аялдауына арналған алаңдар, автомобильдерді техникалық байқауға арналған құрылғылар, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құрылыстар мен құрылғылар, орман белдеулері, көпірлерге қызмет көрсету және қорғау пункттері, технологиялық және апаттық шақыру байланыс құрылғылары.

3.17 Жолдардың техникалық-пайдалану қасиеттері мен сипаттамалары: Пайдалану үдерісінде инженерлік құрылым ретінде оның жұмыс қабілеттілігі мен сенімділігін анықтайтын жолдың сипаттамалары.

3.18 Автомобиль жолдарының жіктелуі: Жолдарды жіктеу белгілері бойынша бөлу жүйесі.

3.19 Автомобиль жолдарының техникалық жіктелуі: Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын олардың көліктік-пайдалану көрсеткіштері бойынша санаттарға бөлу.

3.20 Жолдың техникалық санаты: Жолдың негізгі геометриялық элементтерінің параметрлерін, оның көліктік-пайдалану көрсеткіштерін және тұтыну қасиеттерін айқындайтын көлік құралдары қозғалысының перспективалық орташа жылдық орташа тәуліктік қарқындылығының шамасы бойынша автомобиль жолының сипаттамасы, ұлттық шаруашылық мәні.

3.21 Жолдың көліктік-пайдалану көрсеткіштері: Автомобиль көлігі жұмысының тиімділігіне тікелей әсер ететін және жол пайдаланушыларының мүдделерін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы.

3.22 Көлік құралдарының рұқсат етілген габариттері: Қауіпсіз жүруін автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстар қамтамасыз етуі тиіс көлік құралдарының шекті желілік өлшемдері.

3.23 Максималды осьтік жүктеме: Көпірлердің сақталу және жүк көтергіштігі шарттары бойынша белгіленген осьтік жүктеме.

3.24 Нормативтік осьтік жүктеме: Жол құрылыстарының, жол төсемелерінің сақталу шарттары, жер төсемесі мен жол төсемелерінің жоғарғы бөлігінің тұрақтылығы мен беріктігі бойынша есептелген жүктеме.

3.25 Көлік құралдарының рұқсат етілген осьтік жүктемесі: Жол құрылымының (жол төсемі мен жер төсемесінің) жол төсемесінің бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде, оның ішінде жылдың көктемгі есептік кезеңдерінде де қажетті беріктігін, сондай-ақ жамылғының тегістігін сақтау қабілетімен шектелетін автомобиль осіне түсетін жүктеме.

3.26 Автомобильдердің жол қамтамасыз еткен қозғалысының жылдамдығы: Жолдың осы телімінде осы геометриялық параметрлермен, көлік-пайдалану сипаттамаларымен және жолдың жай-күйімен қол жеткізуге болатын еркін қозғалыстағы жеңіл автомобильдің ең жоғары мүмкін және қауіпсіз жылдамдығы. Жолаушылар көлігінің жылдамдығы 85% қамтамасыз ету немесе көлік ағынының 95% қамтамасыз ету жылдамдығы ретінде анықталады.

3.27 Есептік жылдамдық: Ауа-райының қалыпты жағдайында бір автомобильдің қауіпсіздігі, ыңғайлылығы мен жайлылығы және автомобиль шиналарының жүру бөлігінің бетімен ілінісуі бойынша мүмкін болатын ең үлкен жылдамдық, жобалау үшін қолайсыз жерлерде автомобиль жолдарының геометриялық элементтерін есептеу үшін қолданылады.

3.28 Көлік ағынының жылдамдығы: Дара көлік құралдарының өзара әрекеттесуі ескерілген ағынның жылдамдығы.

3.29 Ернеу: Еңіс беті мен жер төсемесі жиегінің қиылысу сызығы.

3.30 Виразж: Қозғалыс қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын арттыру мақсатында автомобильдің орталықтан тепкіш үдеуін өтеу үшін қызмет ететін қисық сызықтардағы жолдың бір көлбеу көлденең бейінінің қисық ортасына қарай еңісі бар телім.

3.31 Әуе желісі: Планадағы берілген нүктелерді қосатын түзу сызық.

3.32 Келтірілген қозғалыс қарқындылығы: Жеңіл автомобильге келтірілген көлік ағыны қозғалысының орташа жылдық тәуліктік қарқындылығы.

3.33 Есептік қозғалыс қарқындылығы: Жолдарды жобалау, күтіп-ұстау және қозғалысты ұйымдастыру кезінде техникалық және экономикалық есептеулерде қолданылатын орташа жылдық тәуліктік қарқындылық немесе берілген сағаттағы қарқындылық.

3.34 Перспективалы қозғалыс қарқындылығы: Жол жобаланатын перспективалық кезеңнің соңына қарай күтілетін қозғалыс қарқындылығы.

3.35 Клотоида: Ұзындығы бойынша қисықтықтың сызықтық өсу заңымен сипатталатын және тұрақты (есептелген) жылдамдықтағы автомобильдердің қозғалыс жағдайына сәйкес келетін өтпелі қисықтар.

3.36 Әр түрлі көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын жеңіл автомобильге келтіру коэффициенті: Бір жүк көлігі немесе автопоездың жүруі кезінде жол телімінде қанша жеңіл автомобиль жүре алатындығын сипаттайтын қозғалыс қарқындылығының жоғарылау коэффициенті.

3.37 Трассаның даму коэффициенті: Берілген пункттерді («әуе желісі») қосатын түзу сызықтың ұзындығындағы трассаның нақты ұзындығының

қатынасы трасса нұсқаларын салыстырмалы бағалау кезіндегі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

3.38 Көмекші қисық: Жолдың бағыты мен серпентінді тікелей енгізу арасындағы өтпелі қисық.

3.39 Қорапты қисық: Жанасу нүктелерінде жалпы қатынасы бар бір бағытты қисықтығы бар дөңгелек қисықтар қатарынан тұратын қисық.

3.40 Өтпелі қисық: Планадағы әртүрлі қисықтық трассалары арасында, оның ішінде трассаның түзу бөліктері мен дөңгелек қисық арасында тегіс өтуді құрайтын айнымалы радиус қисығы. Өтпелі қисықтар клотоид, лемнискат, текше парабола, қорапты қисық және т.б. салынады.

3.41 Планадағы қисық: Планадағы көршілес екі түзуді біріктіретін қисық.

3.42 Тік қисық: Жолдың бойлық пішінінің сынуын байланыстыратын қисық. Қисық қисықтық бағытына байланысты дөңес немесе ойыс болуы мүмкін.

3.43 Жүру бөлігінің жиегі: Жүру бөлігін жол жиегінен бөлетін сызық.

3.44 Жол жиегі: Тікелей жүру бөлігіне іргелес және жер төсемінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалысын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдайларда пайдалануға арналған жол элементі.

3.45 Автомобиль жолының осі: Жолдың жүру бөлігінің немесе бөлу жолағының ортасынан өтетін шартты сызық.

3.46 Перспективалық кезең: Соңында автомобиль жолдарының геометриялық элементтерінің параметрлері тағайындалатын қозғалыс жағдайларына арналған уақыт кезеңі.

3.47 Қозғалыс жолағы: Көлік құралдарының бір қатарда қозғалуына арналған автомобиль жолының жүру бөлігінің бөлігі.

3.48 Шеткі жолақ: Жүру бөлігімен бірдей жол төсемесі бар, жүру бөлігінің немесе бөлу жолағының жанында орналасқан және көлік құралдарының тұрақты кіруіне ұшырайтын арнайы жолақ.

3.49 Өтпелі-жылдамдық жолағы: Негізгі қозғалыс жолақтарынан шығатын немесе оларға кіретін автомобильдердің үдеуін немесе тежелуін қамтамасыз етуге арналған қосымша қозғалыс жолағы.

3.50 Бөлу жолағы: Көлік ағындарын қозғалыс бағыттары немесе құрамы бойынша бөлетін автомобиль жолының құрылымдық элементі.

3.51 Автомобиль жолының көлденең пішіні: Жолдың көлденең қимасының оське перпендикуляр жазықтықпен бейнеленуі. Жобаланған жолдың көлденең пішіні қос еңісті болуы мүмкін - жолдың осінен жер төсемесінің қырларына симметриялы түрде түсетін көлбеу, бір еңісті - жер төсемесінің бір шетінен екіншісіне түсетін көлбеу.

3.52 Жолдардың қиылысы: Түйісетін жолдар үзілмейтін және олардың әрқайсысының мәні мен қозғалыс қарқындылығына байланысты жолдардың қиылысуы мүмкін бір немесе әртүрлі деңгейде орналасатын автомобиль жолдарының торабы.

3.53 Жолдардың түйісуі: Бір жолға тікелей жалғасы жоқ және осы торапта үзілген басқа жол бір немесе әртүрлі деңгейде түйісетін автомобиль жолдарының түйіні.

3.54 Жолдың бойлық пішіні: Жердің табиғи бетінің нүктелері мен жобалау сызығының нүктелерінің белгілерімен оның осі бойынша немесе оған параллель жобаланған жолдың жер бетінің бойлық қимасының шартты бейнесі.

3.55 Жүру бөлігі: Көлік құралдарының қозғалысына арналған автомобиль жолының негізгі элементі.

3.56 Ландшафтты жобалау: Жол элементтерінің бір-бірімен үйлесуін және жолдың айналамен үйлесімді үйлесуін қамтамасыз ететін жолдарды жобалау әдісі. Ол перспективалық кескіндерді құру және салыстырылатын нұсқалардың модельдерін жасау арқылы жүзеге асырылады.

3.57 Қарсы келе жатқан көліктің есептік көріну қашықтығы: Бір жолақ бойымен бір-біріне қарай жылжитын екі көлікті толық тоқтату үшін қажетті қашықтық.

3.58 Тоқтауға арналған есептік көріну қашықтығы: Болжамды жылдамдықпен қозғалатын көлікті толық тоқтауы үшін жеткілікті жамылғыда жатқан биіктігі $H = 0,2$ м заттың көріну қашықтығы.

3.59 Көріну қашықтығы: Жүргізушінің жұмыс орнынан жолдың құрылымдық элементтері және көлік құралын тиісті жолақ бойынша жүргізуге мүмкіндік беретін қозғалыс бағытындағы басқа да заттар анық ажыратылатын көлік құралының алдыңғы бөлігінен қашықтығы.

3.60 Қозғалыстың есептік қарқындылығы: Перспективалық кезеңнің соңғы жылындағы қозғалыстың орташа жылдық тәуліктік қарқындылығы. Қозғалыстың есептік қарқындылығы осы экономикалық зерттеулер негізінде екі бағытта да қабылданады.

3.61 Серпентин: Өткір бұрышта түйісетін екі бағыт арасындағы жолдың бұрылу бұрышының сыртқы жағынан сипатталған пландағы қисықтың көрінісі. Ол, әдетте, трассаның даму телімдерінде таулы жерлерде тік беткейлерде жол салу кезінде қолданылады.

3.62 Көлік айырығы: Әртүрлі бағыттардағы көлік ағындарының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін жолдардың қиылысындағы инженерлік құрылым (немесе құрылыстар кешені). Ол екі немесе бірнеше деңгейде салынады.

3.63 Жол трассасы: Автомобиль жолының геометриялық осінің кеңістіктегі орны, ол екі проекциясымен анықталады: көлденең (план) және тік (бойлық пішін).

3.64 Трассалау: Топографиялық, геологиялық, гидрологиялық және климаттық жағдайларды ескере отырып, оңтайлы пайдалану, құрылыс-технологиялық, экономикалық және эстетикалық талаптарға сәйкес берілген пункттер арасындағы автожол трассасының жағдайы.

3.65 Жүріс бөлігін кеңеюі: Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жолдардың жекелеген телімдерінде жүру бөлігінің енін арттыру (пландағы қисықтарда шағын радиустарда, бойлық бейіндегі ойыс қисықтарда, бойлық еңістердің үлкен айырмасы бар телімдерді түйістіретін, үлкен бойлық еңістері бар ұзаққа созылған көтерілулерде, бір жолақты жолдарда және т.б.).

3.66 Жер төсемінің жоғарғы бөлігі (жұмыс қабаты): Төменнен тоңу тереңдігінің 2/3 тең тереңдігі, бірақ жамылғының жоғарғы жағынан есептегенде кемінде 1,5 м; қазбалар, нөлдік белгілері бар телімдер немесе төмен үйінділер үшін жұмыс қабатына құрылымы бұзылмаған табиғи жатқан топырақтар түсуі мүмкін биіктігі бойынша шектелген аймақ.

3.67 Ойық: Топырақ қалыңдығында жасалған, берілген геометриялық өлшемдері бар ашық игеру түріндегі жер төсемінің құрылымы.

3.68 Жер асты сулары: Жер бетінен бірінші орналасқан жер асты суы.

3.69 Жол-климаттық аудандастыру: Ел аумағын ауа-райы-климаттық факторлардың әсерінен жер төсемі мен жол төсемесінің жақын жұмыс жағдайлары сақталатын аймақтарға бөлу.

3.70 Дренаж: Жер асты немесе жер үсті суларын ұстап қалуға және бұруға қызмет ететін геотехникалық құрылым.

3.71 Жер төсемі: Жол төсемелерін, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастырудың және автомобиль жолын жайластырудың техникалық құралдарын орналастыруға негіз болатын құрылымдық элемент.

3.72 Үйінді: Табиғи немесе техногендік топырақтардан әртүрлі тәсілдермен төгу және тығыздау жолымен орналастырылатын, берілген конфигурациясы бар геотехникалық құрылым.

3.73 Жер төсемінің еңісі: Жер төсемінің жол жиегінің бетімен жанасатын бүйір көлбеу беті.

3.74 Құлама жатысы: Көлденең жазықтыққа құлама түзуші проекциясының ұзындығы.

3.75 Беткей тіктігі: Беткей бетінің көлденең жазықтыққа көлбеуі. Ол әдетте беткей биіктігінің орналасуға қатынасы ретінде көрінеді.

3.76 Есепті тоңу тереңдігі: Құрылыс нормаларымен белгіленген ықтималдықпен анықталатын топырақ қабатының немесе жол құрылымы (жол төсемесі және жер төсемі) тоңуының шекті тереңдігі.

3.77 Ылғалдандыру жағдайлары бойынша төңіректің типтері: Ылғалдандыру жағдайлары бойынша төңіректің типі табиғи жағдайда топырақтың жоғарғы бағанының ылғалдану жағдайларын сипаттайды. Оның үш типі бар:

1-тип - терең жер асты сулары бар және жер үсті ағынымен қамтамасыз етілген жерлер;

2-тип - терең жер асты сулары бар, бірақ жер үсті ағынымен қамтамасыз етілмеген жерлер;

3-тип - жер асты суларының деңгейі жақын немесе ұзақ уақытқа созылатын жер үсті сулары бар жерлер.

3.78 Жер төсемінің ені: Жиектер арасындағы қашықтық жол санатына байланысты нормаланады. Жер төсемінің еніне жолдың, жол жиектерінің, нығайтылған жолақтардың және бөлу жолағының ені кіреді.

3.79 Жол төсемесі: Автокөлік құралының жүктемесін қабылдайтын және оны жерге беретін автомобиль жолының жүру бөлігінің шегіндегі көп қабатты құрылым.

3.80 Қатты жол төсемесі: Қаттылығы қаттылықтан бірнеше есе асатын цементбетон немесе темірбетонмен жамылғысы бар немесе негізі бар жол төсемесі.

3.81 Қатты емес жол төсемесі: Асфальтбетондардың әртүрлі түрлерінен, битуммен, цементпен, әкпен, кешенді және басқа да тұтқырғыштармен нығайтылған материалдар мен топырақтардан, сондай-ақ әлсіз байланысқан түйіршікті материалдардан салынған қабаттары бар жол төсемесі.

3.82 Төменгі жол төсемесі: Шағыл тас (қиыршық тасты)-құмды қоспалардан; беріктігі аз тас материалдар мен қождардан; түрлі материалдармен нығайтылған немесе жақсартылған топырақтардан салынған жол төсемесі.

3.83 Жеңіл жол төсемесі: Күрделі және өтпелі жол төсемесі арасында аралық орын алатын, жұмысқа қабілеттілігі бар жетілдірілген жамылғыға ие жол төсемесі.

3.84 Өтпелі жол төсемесі: Тығыз тау жыныстарынан алынған шағыл тастан тұтқырғышты қолданбай қада қағу ідісі арқылы салынатын, топырақтан және тұтқырғышпен өңдеген беріктігі аз тас материалдардан, жұмыр тастан және жарылған тастан салынатын жұмыс қабілеттілігі бар, жеңіл және төмен жол төсемелері арасындағы аралық жол төсемесі.

3.85 Күрделі жол төсемелері: Ең жоғары өнімділікке ие төсемелері (жоғары беріктік, сенімділік, беріктік және т.б.). Оларға цементбетон және асфальтбетон (I және II маркалы) жамылғылары бар жол төсемелері жатады.

3.86 Есептік жүктеме: Жол төсемесінің құрылымын есептеу үшін пайдаланылатын автомобильдің бір осіне түсетін шекті жүктеме.

3.87 Көлік құралын есептік жүктемеге келтіруге арналған жиынтық коэффициент: Осьаралық қашықтықты ескеретін көп осьті көлік құралдарының есептік жүктемесіне келтіру коэффициенті.

3.88 Көпір құрылысы: Жолды немесе өзге де коммуникацияларды табиғи немесе жасанды кедергі арқылы өткізуге арналған инженерлік құрылым (көпір, өтпе жол, эстакада және басқалар).

3.89 Көпір: Су кедергісі арқылы өтетін көпір құрылымы.

3.90 Өтпежол: Әртүрлі деңгейдегі қиылысатын көлік ағындарын өткізуге арналған автомобиль немесе теміржолдағы көпір құрылымы.

3.91 Мал өткелі: Жолдың астынан малды өткізуге қызмет ететін көпір құрылысы немесе тікбұрышты құбыр.

3.92 Шағын жасанды құрылыс: 25 м-ге дейінгі шағын көпір немесе су өткізгіш құбыр.

3.93 Су өткізгіш құбыр: Су ағынын жол деңгейінен төмен жол арқылы өткізуге арналған дөңгелек, сопақ немесе тікбұрышты қиманың құрылысы.

3.94 Эстакада: Әр түрлі мақсаттар үшін көпір кеңістігін пайдалану қажет болған жағдайда үйіндінің орнына салынған көп қабатты көпір құрылымы.

3.95 Жолды жайластыру: Автобус аялдамалары, өтпелі-жүрдек жолдар, аялдауға, тұраққа және демалуға арналған алаңдар, жолдарды жарықтандыруға арналған құрылғылар, жол байланысы, жаяу жүргіншілерге, велосипедшілерге арналған жолдар және т.б. кіретін жол құрылыстары кешені.

3.96 Қиылыс: Жолдың дөңгелектенуінің қарама-қарсы бастауларын байланыстыратын жорамалдағы сызықтарымен шектелген жолдардың қиылысу, түйісу немесе тармақталу орны. Іргелес аумақтардан шығулар қиылыстар болып саналмайды.

3.97 Жаяу жүргіншілер өткелі: Жаяу жүргіншілердің жол арқылы өтуіне бөлінген және белгілер және таңбалармен белгіленген жүру бөлігінің телімі.

3.98 Теміржол өткелі: Теміржол станциялары мен маневрлік жолдардың шегінен тыс орналасқан автомобиль жолының теміржолмен бір деңгейде қиылысы. Қозғалыстар реттелетін және реттелмейтін болып бөлінеді.

3.99 Шолу алаңы: Алаңның орналасқан жерінен ашылатын және жол төсемінен тыс көлік тұрағы үшін орны бар ландшафтты қарауға арналған қызмет көрсету құрылысы.

3.100 Демалыс алаңы: Жүргізушілер мен жолаушылардың қысқа мерзімді демалуына, көлік құралдары мен жүктердің жай-күйін тексеруге, ұсақ ақауларды жоюға арналған автомобиль жолын жайластыру элементі.

3.101 Тұрақ алаңы: Көлік құралдарының жол төсемінен тыс реттелген тұрағына арналған қызмет көрсету құрылысы.

4 Автомобиль жолдарын жобалауға қойылатын жалпы талаптар

4.1 Автомобиль жолдарын жобалау жөніндегі техникалық шешімдер экономикалық негізделуге және озық энергия және ресурс үнемдеуші технологияларды пайдалануды көздеуге, жол қозғалысының тұтынушылық сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға, автомобиль жолын салу және кейіннен пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға ықпал етуі тиіс.

Қолданыстағы жолдарды қайта құру жобаларында жолдың немесе оның бір бөлігінің орналасуына өзгерістер енгізу кезінде планда жолдардың осы телімдерін қозғалысқа қызмет көрсету құрылыстарын орналастыру үшін пайдалану жөніндегі, ал қажет болмаған жағдайда - бұл жерлерді одан әрі тиісті жер пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының жер заңнамасында айқындалған тәртіппен бере отырып, оларды мақсаты бойынша пайдалануға жарамды жай-күйге келтіру жөніндегі техникалық шешімдерді көздеу қажет.

4.2 Жоба қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес келуі, ал қажет болған жағдайда көлік құралдары қозғалысының (шу, діріл, газдану, шаң,

фаралардың жарықпен көз шағылыстыруы және т.б.) әсерінен жол бойындағы жолақта экологиялық немесе өзге де табиғи тепе-теңдіктің бұзылу қаупін жоюға немесе азайтуға, сондай-ақ құрылыс және жөндеу-пайдалану жұмыстарын орындауға бағытталған іс-шараларды қамтуы тиіс. Оларды әзірлеу кезінде жол бойындағы белдеудің қалыптасқан ландшафтына, әсіресе тарихи, мәдени, сәулет, табиғи және өзге де көрікті жерлер, бағалы ауыл шаруашылығы алқаптары, демалыс аймақтары мен емдеу-профилактикалық мекемелері орналасқан жерлерге ұқыпты қарауды қамтамасыз ету қажет.

Ескертпе - Бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарына суармалы, құрғатылған және басқа да қалпына келтірілген жерлер, көпжылдық жеміс егіндері мен жүзімдіктер алып жатқан аумақтар, топырақтың табиғи құнарлылығы жоғары жерлер және оларға теңестірілген басқа да жер алқаптары жатады.

4.3 Автомобиль жолындағы жер төсемінің, көпірлердің және өзге де инженерлік құрылыстардың құрылымы бойынша жобалық шешімдер жер үсті және жер асты суларының тұрақты ағын режимінің, көпірлер мен құбырлар орналасқан жерлердегі тұрақты және уақытша су ағындарының гидрологиялық режимінің, жол бойындағы жолақ топырақтарының беріктігі мен тұрақтылығының күрт өзгеруіне әкеп соқпауы тиіс.

Жарылғыш заттарды, материалдар мен бұйымдарды дайындау және сақтау жөніндегі кәсіпорындар мен нысандар орналасқан аудандардағы автомобиль жолдары олардың негізінде тыйым салынған (қауіпті) аймақтар мен аудандардан тыс жерлерде тиісті мемлекеттік стандарттар мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақтала отырып және қарауында осы кәсіпорын немесе нысан кіретін уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша салынуы қажет.

4.4 Автомобиль жолдарын, су бұру, қорғау және басқа да құрылыстарды, жол және автокөлік қызметтерінің ғимараттары мен құрылыстарын, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын, жол қозғалысын және коммуникацияларды біріктіретін автоматтандырылған басқару кешендерін орналастыру үшін жер телімдерін бөлу жер заңнамасына және көлік құрылысы үшін жер бөлу жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге [3] сәйкес жүзеге асырылады.

Автомобиль жолдарын салу кезеңіне трасса маңындағы карьерлер мен резервтерге бөлінген жер телімдері, өндірістік базаларды, кірме жолдарды орналастыру және құрылыстың басқа да қажеттіліктері қолданыстағы ережелерге сәйкес жерді қалпына келтіре отырып, жер пайдаланушыларға қайтарылуға жатады.

4.5 Автомобиль жолдары жобасының құрамында Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Автомобиль жолдары туралы» ҚР Заңының [3] талаптарын ескере отырып, бөлу жолағын жобалау бөлімін әзірлеу қажет.

4.6 Жобаны әзірлеу тәртібі, құрамы мен мазмұны, жобалаудың сатылығы, автомобиль жолдарын салуға, қайта құруға және күрделі жөндеуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманы келісу және бекіту тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен [5] және нормативтік құжаттармен (ҚР ҚН 1.02-03-2022, ҚР ҚН 1.02-04-2022) анықталады.

4.7 Негізгі жолақтардың жол төсемелерінің беріктігін есептеу, есептік автомобильдің қысқа мерзімді жүктемесіне, нығайтылған жол жиектеріне және автомобильдердің тұрағына арналған әртүрлі алаңдарға - есептік автомобильдің бір реттік ұзақ әсер етуіне бірнеше рет әсер ету қажет.

4.8 Жол төсемелерін жобалау 9-бөлімнің нұсқауларын ескере отырып, жол төсемелерін жобалау және жөндеу аралық қызмет мерзімдерін тағайындау жөніндегі тиісті нормативтік құжаттар бойынша жүргізілуі тиіс.

4.9 Автомобиль жолдарының жобаларында қабылданған инженерлік шешімдер жолдардың тиісті санаттары мен автомобиль түрлері үшін рұқсат етілген жылдамдықтары бар автокөлік құралдарының қауіпсіз, ыңғайлы және жайлы өтуін және жолдың бүкіл ұзындығында біркелкі қозғалыс жағдайларын қамтамасыз етуі тиіс, бұған план мен жер төсемінің бойлық пішінін жобалау кезінде жүргізушілердің көзбен бағдарлау қағидаттарын сақтай отырып, түйіспелердің ыңғайлы және қауіпсіз орналасуы қол жеткізіледі және қиылыстар, тегіс және кедір-бұдыр жамылғысы бар жол төсемелерінің берік құрылымын жасау және т.б. қалыптастырады. Жобалық шешімдерді бағалау план элементтерімен, бойлық және көлденең пішіндермен қамтамасыз етілуі, қозғалыстың көрінуі мен жылдамдығының шарттары, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігі мен өткізу қабілеті бойынша, оның ішінде жылдың қолайсыз кезеңдерінде жүргізілуі тиіс.

4.10 Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыратын іс-шараларды қысқарту есебінен күрделі шығындарды азайтуға жол берілмейді.

4.11 Жобада автомобиль жолдарын инженерлік жайластыру бойынша шешімдер, оның ішінде қозғалысты ұйымдастырудың және қозғалыс мониторингінің техникалық құралдарымен, жол белгілері мен оларды орнату орындары мен тәсілдерін белгілейтін көрсеткіштерді орналастыру сұлбаларын және күрделі және жеңілдетілген жол төсемелері бар жолдар үшін жол таңбалау сұлбаларын, оның ішінде көлденең жол таңбалау сұлбаларын қамтуы тиіс. Таңбалау жол белгілерін орнатумен біріктірілуі керек (әсіресе ұзақ қар жамылғысы сақталатын бар жерлерде). Жол қозғалысын ұйымдастыру бөлімін әзірлеу тәртібі мен мазмұны автомобиль жолдары және техникалық реттеу саласындағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы бекітілген мемлекеттік нормативтердің талаптары ескеріле отырып белгіленеді. Осы бөлім бойынша жобалық шешімдерді келісу тәртібі заңнамада белгіленген тәртіппен [6] сәйкес жүзеге асырылады.

4.12 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген алапта қозғалысты ұйымдастыруға тікелей қатысы жоқ ақпаратты, жарнама

өнімдерінің барлық түрлерін орналастыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған жобалау шешімдері келісілген жағдайда, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жол бойындағы белдеуінде жол сервисі кәсіпорындары мен құрылыстарын және жолды инженерлік жайластыру нысандарын орналастыруға жол беріледі.

4.13 Жаяу жүргіншілер өткелдерінде («зебра» типіндегі), қоғамдық көлік аялдамаларында, өтпелі-жүрдек жолақтарда, көтерілу телімдерінде қосымша жолақтарда, автомобиль аялдамаларына арналған тұрақ жолақтарында, тоннельдерде, жол өтпелерінің астында, теміржол өтпелерінде, шағын көпірлерде және жол жамылғысының аясында кедергілер нашар көрінетін басқа да телімдерде жарықтандырылған жолақтарды орналастыру қажет.

4.14 Жаңа автомобиль жолдарын салу жобаларында құрылыс ауданын бастапқы игеру мақсатында технологиялық автокөлік қозғалысына арналған жолдар, ал қолданыстағы автомобиль жолдарын қайта құру және күрделі жөндеу жобаларында көлік ағынын өткізуге арналған айналма жолдар көзделуі тиіс. Айналма және технологиялық жолдарда жергілікті құрылыс материалдарын барынша пайдалана отырып, өтпелі немесе жеңілдетілген типтегі жол төсемелерін салу көзделуге, қозғалысты ұйымдастыру және қауіпсіздік мәселелері шешілуге тиіс. Айналма және технологиялық жолдарды 6 айдан астам мерзімде пайдалану кезінде жеңіл типтегі жол төсемелерін салуды көздеу ұсынылады.

5 Автомобиль жолдарының жіктелуі, есепті жылдамдықтар мен жүктемелер

5.1 Автомобиль жолдары тұтынушылық қасиеттері мен оларға көлік құралдарына қол жеткізу шарттары бойынша ГОСТ 33382 және ҚР СТ 2025 талаптарына сәйкес келесі кластарға бөлінеді:

- автомобиль магистральдары;
- жүрдек қозғалысқа арналған жолдар (жүрдек жолдар);
- жартылай жүрдек жолдар;
- қарапайым жолдар.

5.2 Автомобиль магистральдарына, әдетте, көлік құралдарының жекелеген түрлеріне, жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге тыйым салынған және жолға жабайы және үй жануарларының шығуын болдырмау бойынша шаралар қабылданған алыс қашықтықтарға жоғары жылдамдықпен жоғары қарқындылықтағы көлік ағындарының қауіпсіз және үздіксіз қозғалысына арналған автомобиль жолдары жатады.

Осы мақсатта автомобиль жолдары келесі талаптарға сай болуы керек:

- әрбір қозғалыс бағытының жүру бөлігінде кемінде екі қозғалыс жолағының болуы;

- қарама-қарсы қозғалыс бағыттарының жүру бөліктері арасында (қажет болған жағдайда ілеспе қозғалыс жолақтары арасында) бөлу жолағының болуы немесе жүру бөлігін әрбір қозғалыс бағыты үшін дербес жер төсеміне орналастыру;

- басқа көлік коммуникацияларымен, велосипед және жаяу жүргіншілер жолдарымен, сондай-ақ жабайы жануарлардың көшуі және мал өтпелерінде дәстүрлі жолдарымен бір деңгейде қиылыстардың болмауы;

- әртүрлі деңгейдегі қиылыстар мен түйісулер арқылы автомобиль жолына қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- автомобиль жолында велосипедтердің, мопедтердің, тракторлардың және өздігінен жүретін машиналардың, жаяу жүргіншілердің, сондай-ақ техникалық сипаттамалары немесе жай-күйі жолды жөндеуге немесе төтенше жағдайларға байланысты жұмыстарды орындау жағдайларын қоспағанда, көлік ағынының қалған бөлігінің қозғалысына кедергі келтіретін көлік құралдарының жекелеген түрлерінің болуына тыйым салу;

- ауыр салмақты, қауіпті және ірі габаритті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильдердің жолға шығуын шектеу;

- автомобиль жолына кіру жүзеге асырылатын әртүрлі деңгейлерде қиылыстар мен түйісулерді орналастыру жиілігін шектеу.

5.3 Жылдам жүруге арналған автомобиль жолдарына (жүрдек жолдарға) автомобиль магистральдарына қойылатын басқа талаптарға сәйкес келген жағдайда, тікелей бағыттағы көлік ағындарының қиылысуынсыз бір деңгейде жекелеген түйісулер арқылы кіруге болатын жолдар жатады.

5.4 Жартылай жүрдек автомобиль жолдарына кемінде төрт жолағы бар жүру бөлігі бойынша үлкен және орташа қарқындылықтағы көлік ағындарын өткізуге арналған, темір жолдармен және трамвай жолдарымен әр түрлі және бір деңгейде қиылыстар жоқ және қиылыстардан (автомобиль жолдарымен, велосипед және жаяу жүргіншілер жолдарымен) және түйісулерден кіруге болатын автомобиль жолдары жатады.

5.5 Автомобиль жолдарына әр түрлі және бір деңгейдегі қиылыстардан және түйісулерден қол жеткізуге болатын қарама-қарсы қозғалыс бағыттары арасында бөлу жолағы болмаған кезде екі жолақтан аспайтын жүру бөлігі бойынша орташа және төмен қарқындылықтағы көлік ағындарын өткізуге арналған автомобиль жолдары жатады.

5.6 Автомобиль жолдары физикалық бірліктерде көрсетілген көлік құралдары қозғалысының есептік қарқындылығына байланысты барлық ұзақтықта немесе жекелеген телімдерде авто/тәулік. немесе жеңіл автомобильдердің шартты санына келтірілген, бірлік/тәул. 1-кестеге сәйкес санаттарға бөлінеді.

1-кесте – Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жіктеулі

Автомобиль жолының класы	Автомобиль жолының санаты	Қозғалыстың есептік қарқындылығы, авт./ тәул. (физикалық бірліктердің алымы, бөлгіш - жеңіл автомобильге келтірілген)	Қозғалыс жолақтарының жалпы саны	Орталық бөлу жолағының болуы	Басқа көлік коммуникацияларымен қиылысуы		Жолға бір деңгейде жанасумен қол жеткізу
					Автомобиль жолдары, велосипед және жаяу жүргіншілер жолдары	теміржол және трамвай жолдары	
Автомобиль магистралі	IA	<u>9000-нан астам</u> <u>14000-нан астам</u>	4 және одан көп	міндетті	түрлі деңгейлерде		қозғалыстың тікелей бағытымен қиылыспай-ақ жол беріледі
Жүрдек жол	IB	<u>7000-нан астам</u> <u>14000-нан астам</u>					
Жартылай жүрдек жол	IB	<u>7000-нан астам</u> <u>14000-нан астам</u>					
Қарапайым жол	II	<u>3000 – 7000</u> <u>6000-14000</u>	4	міндетті	қозғалысты ұйымдастыру бойынша қосымша шараларды іске асырумен бір деңгейде жол беріледі *	түрлі деңгейлерде	рұқсат етіледі
			2	міндетті			бір деңгейде рұқсат етіледі
	III	<u>1000 - 3000</u> <u>2000 - 6000</u>	2	міндетті	бір деңгейде рұқсат етіледі	рұқсат етіледі	
	IV	<u>100 - 1000</u> <u>200 - 2000</u>	2			рұқсат етіледі	
	V	<u>100-ден аз</u> <u>200-ден аз</u>	1			рұқсат етіледі	
<p>Ескертпелер</p> <p>1. Қозғалыс құрамында жеңіл автомобильдердің үлесіне 30% - дан кем болған жағдайларда жобаланатын автомобиль жолының санатын көлік бірліктеріндегі есептік қарқындылығы бойынша белгілеу керек.</p> <p>2. Одан әрі мәтінде I санаттағы автомобиль жолдарының параметрлеріне бірдей талаптар қойылған кезде санат белгілеуіндегі «А» және «Б» индексі алынып тасталуы мүмкін.</p> <p>3. IA, IB санаттағы автомобиль жолдарына кіру тек толық немесе толық емес үлгідегі көлік айрықтары арқылы жүзеге асырылуға тиіс; IB санаттағы автомобиль жолдарында тиісті техника-экономикалық негіздеме болған кезде оларды көлік айрықтары разрядына кезең-кезеңімен ауыстыру шартымен бір деңгейде түйісулер орнатуға жол беріледі.</p> <p>4. II санаттағы автомобиль жолдарында қозғалыстың төрт жолағы бойынша қозғалысты ұйымдастыру кезінде қозғалыстың есептік орташа тәуліктік қарқындылығы 7-кестеде көрсетілген деректерге сәйкес қабылдануы тиіс</p>							

Қозғалыстың есептік қарқындылығының мәндері 7000 авт/тәул.-тен асқан кезде жеңіл автомобильге әкелінген физикалық бірліктерде және 14000 бірл/тәул. астам жобаланатын жол I санатқа (IA, IB, IB); 3000 авт/тәул.-тен 7000 авт/тәул.-ке дейін және 6000 авт/тәул.-тен 14000 авт/тәул.-ке дейінгілер - II санатқа; 1000 авт/тәул.-тен 3000 авт/тәул.-ке дейінгі және 2000 авт/тәул.-тен 6000 авт/тәул.-ке дейінгілер -III санатқа жатқызылуы тиіс.

5.7 Әр түрлі типтегі көлік құралдарын жеңіл автомобильге келтіру коэффициенттерін 2-кесте бойынша қабылдау қажет.

2-кесте – Төмендету коэффициенттерінің мәндері

Көлік құралдарының типі	Келтіру коэффициенті
Жеңіл автомобильдер	1
Арбасы бар мотоциклдер	0,75
Мотоциклдер мен мопедтер	0,5
Жүк көтергіштігі төмендегідей жүк көліктері, т:	
2ге дейін	1,5
2-ден 6-ға дейін	2
6-дан 8-ге дейін	2,5
8-ден 14-ке дейін	3
Жүк көтергіштігі төмендегідей жүк көліктері, т:	
14-тен жоғары	3,5
Жүк көтергіштігі төмендегідей автопоездар, т	
12-ге дейін	3,5
12-ден 20-ға дейін	4
20-дан 30-ға дейін	5
30-дан жоғары	6
Жүк көтергіш төмендегідей тіркемелері бар доңғалақты трактор, т:	
10 -ға дейін	2,5
10-нан жоғары	3,5
Автобус	3,0
Қосарланған автобус	5,0
<p>Ескертпелер</p> <p>1. Көлік құралдарының жүк көтергіштігінің аралық мәндері кезінде келтіру коэффициенттерін интерполяция арқылы анықтау керек.</p> <p>2. Арнайы автомобильдердің келтіру коэффициенттері тиісті жүк көтергіштігі бар негізгі автомобильдер үшін де қабылдануы керек.</p> <p>3. Жүк автомобильдері мен автопоездар үшін келтіру коэффициенттерін ойлы-қырлы және таулы жерлерде 1,2 есе арттыру қажет.</p>	

5.8 Қозғалыстың есептік қарқындылығы үшін екі бағытта да экономикалық ізденістердің нәтижелері бойынша белгіленген жиынтықты қабылдау қажет:

- перспективалық кезеңнің соңғы жылында қол жеткізілетін қозғалыстың орташа жылдық тәуліктік қарқындылығы; немесе

- перспективалық кезеңнің соңғы жылында 50 сағат ішінде қол жеткізілетін немесе одан асатын жеңіл автомобильге келтірілген бірліктермен көрсетілген қозғалыстың сағаттық қарқындылығы.

Есепті жылдың неғұрлым қарқынды айының тәуліктік қозғалыс қарқындылығы орташа жылдық қарқындылықтан 2 есе артық болған кезде

қозғалыстың елеулі жылдық әркелкілігі жағдайында жол санатын тағайындау үшін соңғысын 1,5 есе арттыру қажет.

5.9 Перспективалық тәуліктік және перспективалық сағаттық қозғалыс қарқындылығының шамалары бойынша белгіленген жобаланатын жол санаты сәйкес келмеген жағдайда, олардың неғұрлым жоғарысын қабылдау керек.

5.10 Қажет болған жағдайда жоба көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығының өсуіне қарай жол мен жол құрылыстарын кезең-кезеңімен салуды көздеуі мүмкін.

I санаттағы автомобиль жолдары үшін қозғалыс жолақтары санының кезеңдік артуын және ландшафттың ірі дербес нысандары мен өзге де табиғи көрікті жерлерді сақтауды ескере отырып, қарсы қозғалыс бағыттарының жүру бөліктерін бөлек трассалау нұсқасы ретінде көзделеді.

5.11 I-III санаттағы автомобиль жолдарын, әдетте, оларға кіреберіс жолдарды сала отырып, елді мекендерді айналып өтуі қажет. Жер төсемінің жиегінен елді мекендердің құрылыс сызығына дейінгі қашықтық олардың бас жоспарларына сәйкес қабылданады, бірақ кемінде 200 м құрайды.

Жекелеген жағдайларда, елді мекендер арқылы I-III санаттағы жолдарды жобалаудың техника-экономикалық орындылығы белгіленген кезде, олар, әдетте, жобада қажетті санитарлық-қорғау іс-шараларын көздей отырып, тиісті маңызы бар елді мекен көшесі ретінде жобаланады.

5.12 Перспективалық кезеңді төмендегілерге тең етіп қабылдау керек:

- жол санаттарын тағайындау, жер төсемі мен жол құрылыстарын жобалау кезінде 20 жыл;

- жол төсемелерін жобалау үшін жөндеу аралық қызмет мерзімі.

Есептік перспективалық кезеңнің басталуы жобалық құжаттаманы әзірлеу аяқталған жылға сәйкес келеді.

5.13 Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары сызықтық өлшемдері төменде келтірілген мәндерден аспайтын автокөлік құралдарын өткізуді қамтамасыз етуі тиіс: жалғыз автомобильдердің ұзындығы бойынша - 12 м-ге дейін және автопоездардың ұзындығы бойынша - 20 м-ге дейін, ені бойынша - 2,55 м-ге дейін, биіктігі бойынша - 4 м-ге дейін.

5.14 Автомобиль жолдарының жүру бөлігін, қиылыстарын және түйісулерін кеңейтуді жобалау кезінде есептік автомобильдердің өлшемдерін 3-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

3-кесте – Есепті автомобильдердің негізгі геометриялық сипаттамалары

Есепті автомобильдің типі	[2] бойынша белгіленуі	Өлшемдері, м			
		Ұзындығы	Ені	Негіз / осьтер арасындағы қашықтық	Алдыңғы асылма
Жеңілдетілген автомобиль (Л)	M1	4,90	1,90	2,90	0,90
Жүк автомобилі (Г)	N3	12,0	2,60	5,70/1,40	1,50
Автобус (А)	M3	12,0	2,55	6,20	2,75
Қосарлы автобус (Ас)	M3	18,4	2,55	5,96/6,05	2,68
Автопоезд (А20)	N3 + О4	19,8	2,60	5,70/1,40 - 6,20/4,30	1,50

5.15 План элементтерін, бойлық және көлденең пішіндерді, сондай-ақ қозғалыс жылдамдығына байланысты басқа элементтерді жобалау үшін есептелген қозғалыс жылдамдығы әдетте 4-кесте бойынша қабылданады.

4-кесте – Есепті жылдамдықтар

Жолдың санаты	Есепті жылдамдықтар, шқ/сағ.		
	негізгі	төңіректің қиын телімдерінде	
		ойлы-қырлы	таулы
IA	150	120	80
IB, IB	120	100	60
II	120	100	60
III	100	80	50
IV	80	60	40
V	60	40	30

Ескертпелер

1. Ойлы-қырлы төңіректің күрделі телімдеріне көбінесе ауыспалы терең аңғарлармен жырымдалған, аңғарлар мен суайрықтардың белгілерінің айырмашылығы 0,5 шқ-нан аспайтын қашықтықта 50 м-ден асатын, бүйір терең арқалықтары мен жыралары бар, тұрақсыз беткейлері бар төңірек жатады. Таулы аймақтың күрделі телімдеріне тау жоталары арқылы өтетін асулар мен күрделі, қатты жырымдалған немесе тұрақсыз беткейлері бар тау шатқалдарының телімдері жатады.

2. Автомобиль жолдарының бойында күрделі құрылыстар; орман алқаптары; бағалы ауыл шаруашылығы дақылдары мен бақтары бар жерлер; инженерлік коммуникациялар (жоғары вольтты ЭБЖ дәліздері, магистральдық құбырлар), сондай-ақ кеме қатынасы өзендерінің, су айдындарының жайылмалары; ерекше және (немесе) арнайы қорғалуға жататын табиғи аумақтар болған кезде күрделі телімдер үшін белгіленген есептік жылдамдықтарды қабылдауға жол беріледі.

5.16 Ойлы-қырлы және таулы жерлердің күрделі телімдері үшін 4-кестеде белгіленген есептік жылдамдықтар жобаланатын жолдың әрбір нақты телімі үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, тиісті техника-экономикалық негіздеме болған кезде ғана қолданылуы тиіс.

5.17 Есептік жылдамдық ретінде автомобиль шиналарының жүру бөлігінің жамылғысымен ілінісуінің қалыпты жағдайларында бір автомобильдің қауіпсіздік, ыңғайлылық және қозғалыс жайлылығы талаптары бойынша ең жоғары ықтимал жылдамдығы қабылданады. Есептік жылдамдық мәндері әртүрлі санаттағы автомобиль жолдарының жобалау үшін қолайсыз телімдердегі панның, бойлық және көлденең пішіннің геометриялық элементтерінің рұқсат етілген шекті мәндерін есептеу үшін қолданылады.

Ескерту - Автомобиль шиналарының жүру бөлігінің бетімен ілінісуінің қалыпты жағдайлары жаз мезгілінде ауа температурасы $+20^{\circ}\text{C}$, салыстырмалы ылғалдылығы 50%, метеорологиялық көрінуі 500 м-ден асатын, желдің болмауы және атмосфералық қысым 1013 Мпа (760 мм сын.бағ.) болған кезде бойлық ілінісу коэффициенті таза құрғақ жамылғы бойынша 0,6-дан, ал ылғалданған жамылғы бойынша 0,5-тен кем емес.

5.18 Жол телімінде жол қозғалысы қағидаларында белгіленген рұқсат етілген жылдамдықтан аз есептік жылдамдықты қолданған жағдайда жол қозғалысын ұйымдастыру құралдарымен рұқсат етілген жылдамдықты қабылданған есептік жылдамдықтан артық шектемеу қажет.

5.19 Автомобиль жолдарының аралас телімдеріндегі есептік жылдамдықтар 20%-дан аспауы тиіс.

5.20 Негізгі қозғалыс жолақтарының жол төсемелерінің беріктігін есептеу есептік автомобильдің қысқа мерзімді жүктемесінің, нығайтылған жол жиектерінің және автомобиль тұрағына арналған түрлі алаңдардың бірнеше рет әсер етуіне - есептік автомобильдің бір рет ұзақ әсер етуіне жүргізіледі. Қозғалыс құрамына байланысты перспективалық кезеңде жол төсемесінің жөндеу аралық қызмет ету мерзіміне тең есептік жүктеме ретінде есептік автомобильдің бір осьіне түсетін нормативтік статикалық жүктеме 100 кН (А1 тобы) немесе 130 кН (А2 тобы) тең болуы мүмкін.

Перспективалық құрамда бір оське түсетін жүктеме 100 кН жоғары автомобильдердің көлік ағыны болмаған кезде есептік жүктеме А1 қабылданады.

Автомобильдердің жол төсемесінің жөндеуаралық қызмет ету мерзіміне перспективалық құрамда қозғалыс болған кезде бір оське түсетін жүктемені 100-130 кН шегінде, сондай-ақ халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарында жол төсемелерін жобалау кезінде есептік жүктемені А2-ге тең деп қабылдау қажет.

Көлік ағынының құрамында жол төсемесінің жөндеуаралық қызмет ету мерзімінің перспективасын ескере отырып, бір оське түсетін есептік жүктеме 130 кН-ден асатын автомобильдер болған жағдайда, есептік жүктеме үшін осьтік жүктеменің нақты мәнін қабылдау керек, ал жол төсемелерін есептеу

әдістемелік ережелерге сәйкес мамандандырылған ауыр салмақты көлік құралдарына қатысты жүзеге асырылуы керек.

5.21 Жол төсемелерін жобалау жол төсемелерін жобалау және 9-бөлімде көрсетілген жөндеу аралық қызмет мерзімдерін тағайындау жөніндегі нұсқауларды ескере отырып жүргізілуі қажет.

6 Автомобиль жолдарының негізгі элементтерін жобалау ережелері

6.1 Жолдардың көлденең пішінінің параметрлері

6.1.1 Автомобиль жолдарының жүру бөлігі мен жер төсемінің көлденең пішінінің негізгі параметрлерін санатына қарай 5-кесте бойынша қабылдау қажет.

5-кесте - Автомобиль жолдарының жүру бөлігі мен жер төсемінің көлденең пішіні элементтерінің параметрлері

Жол элементтерінің параметрлері	Жолдың санаты							
	IA	IB	IV	II	III	IV	V	
	автомобильды магистраль	жүрдек жол	жартылай жүрдек жол	қарапайым жол				
Қозғалыс жолақтарының саны n, дана	4 және одан көп			4	2	2	2	1
Ені, м - қозғалыс жолағы	3,75	3,50-3,75 ¹⁾		3,50	3,75	3,5	3,0	4,5
Жиектің ені, м	3,75		3,50	3,50	2,5	2,0	1,75	
Жол жиегінің нығайтылған бөлігінің ең аз ені (I санаттағы жолдарға арналған тұрақ жолағы), м	барлығы	2,50		2,00	1,5	1,0	-	
	оның ішінде шеткі жолақ	0,75		0,5	0,5	0,5	-	
Бөлек трассалау кезінде сол жақ жиектің ені, м	2,00 ²⁾			-	-	-	-	

5-кестенің соңы

Жол элементтерінің параметрлері		Жолдың санаты						
		IA	IB	IV	II	III	IV	V
		автомобильды магистраль	жүрдек жол	жартылай жүрдек жол	қарапайым жол			
Бөлек трассалау кезінде жол жиегінің сол жақ нығайтылған бөлігінің ең аз ені, м	барлығы	2,0 ²⁾		-	-	-	-	
	оның ішінде шеткі жолақ	0,75 ²⁾		-	-	-	-	
Жол қоршаулары жоқ бөлу жолағының ең аз ені $B_{рп}$, м		6,0	5,0	4,0	-	-	-	
Жол осі бойынша қоршаулары бар бөлу жолағының ең аз ені $B_{рп}$, м		2,0+S ³⁾		2,0+S ³⁾ (1,0+ S ³⁾) ⁴⁾		-	-	
Бөлу жолағындағы қауіпсіздік жолағының ең аз ені, м		1,0	0,75 (0,5) ⁴⁾		-	-	-	
<p>¹⁾ I санаттағы төрт жолақты жолдар үшін барлық жолақтардың ені 3,75 м, бірінші және екінші жолақтардың (жол жиегінен) ені алты және одан көп жолақтары бар I санаттағы жолдар үшін 3,75 м, қалған жолақтар - 3,5 м қабылдануы тиіс.</p> <p>²⁾ Сегіз және одан көп жолақтар саны бар I санаттағы автомобиль жолдары үшін бөлек трассалау кезінде тұрақ жолағын қоса алғанда, сол жақ жолақтың ені оң жаққа ұқсас қабылданады.</p> <p>³⁾ S - бөлу жолағының ортасында орналасқан қоршаудың ені, м.</p> <p>⁴⁾ Жақшада сымарқанды қоршауларды орнату кезінде.</p>								

6.1.2 Жолдарды пайдаланудың алғашқы бес жылындағы қозғалыс қарқындылығы 50% және есептік перспективада одан да көпке жететін II санаттағы автомобиль жолдарының жекелеген телімдерінде, жобада айқындалатын және негізделетін орындарда, сондай-ақ өтпелі-жылдамдық жолақтарын орнату көзделмейтін құламаларда 9-бөлімде баяндалған жол төсемесіне қойылатын талаптарды сақтай отырып, жол жиегінің нығайтылған бөлігі ені 2,5 м тұрақ жолағы түрінде орындалуы тиіс. Құламалардағы мұндай

жолақтардың ұзындығы оның енінен бөлу телімінің ұзындығын есептемегенде екі жаққа кемінде 100 м болуы тиіс.

Ен тұрақ жолағының басында және соңында ұзындығы кемінде 30 м телімде жүргізілуі керек.

Бөлу жолақтарындағы жиек жолақтары мен қауіпсіздік жолақтарының, сондай-ақ тұрақ жолақтарының жамылғылары түсі мен сыртқы түрі бойынша жүру бөлігінің жамылғыларынан ерекшеленуі немесе таңбамен бөлінуі тиіс. Жол жиектері өзінің беріктігі бойынша оларға көлік құралдарының шығуына мүмкіндік беруі тиіс.

6.1.3 Көп жолақты жүру бөлігі бар жолдардың жобаларында жолдың қарсы бағыттарының жер төсемін дәстүрлі және бөлек орналастыру ретінде қолдануға рұқсат етіледі.

Қолданыстағы екі жолақты жолдарды I техникалық санаттағы жолдарға ауыстыра отырып қайта құру жобаларын әзірлеу кезінде қозғалыстың тікелей немесе қарсы бағыты үшін параллель жол салу нұсқасы қолданыстағы жолдың геометриялық параметрлерін осы ведомстволық нормативтің талаптарына сәйкес міндетті түрде келтіре отырып қаралуы тиіс.

Қолданыстағы орман белдеулерін сақтау, магистральдық инженерлік желілер үшін қорғаныс аймағын сақтау және т.б. жағдайларда бөлек трассалау қажет.

Мұндай автомобиль жолдарының жүру бөліктерін бөлек бақылау бойлық пішінде де, планда да қарастырылуы мүмкін. Автомагистраль (жүрдек автомобиль жолы) жер төсемінің жиектері арасындағы қашықтық кемінде 25 м болған кезде екі дербес жол ретінде қабылданады.

Ерекше жағдайларда, автомобиль жолдарының бойында күрделі құрылыстар; орман алқаптары; бағалы ауыл шаруашылығы дақылдары мен бақтары бар жерлер; маңызды инженерлік коммуникациялар (жоғары вольтты ЭБЖ дәліздері, магистральдық құбырлар) болған кезде жасанды құрылыстарға кіреберістерде жиектер арасындағы қашықтықты 12,5 м-ге дейін азайтуға жол беріледі.

Жолдар арасындағы кеңістік немесе оны толтыру тығыздығы (мысалы, қону жиілігі) жүргізушіге мезгіл-мезгіл қарама-қарсы жолды көруге мүмкіндік бергені жөн.


Көлбеу телімдерде автомобиль жолдарын жобалау кезінде бөлек трассалау жиі қолданылады. Егер қия беткейдің тіктігі 1:8 - 1:6-дан аспаса, бөлу жолағын оның бетін тегістемей төсеуге болады.

Магистральдың жер төсемін үш кәдімгі трассалау нұсқалары А, а), бөлек - А, б)-г) суреттерінде берілген. А, а)-в) суреттеріндегі көлденең пішіндер бойлық пішіндегі бөлек бақылау шарттарына сәйкес келеді, пландағы жүру бөліктерінің осьтерінің орны өзгеріссіз қалады. А, г) суретте көрсетілген көлденең пішіндер бойлық пішінде де, планда да магистральды дара трассалауға сәйкес келеді. Бұл жағдайда жол бөліктері арасындағы беттің көлденең еңісіне және олардың арасындағы қашықтыққа, сондай-ақ бір жол

жиегінің екіншісінен асып кетуіне байланысты 6-кесте бойынша қабылдау ұсынылады.

6-кесте – Қия беткейлерде автомобиль жолының көлденең пішінін жобалау параметрлері

Жру бөлігінің жиектері арасындағы қашықтық, м	Іргелес жүру бөліктері жиектерінің артуы, м, арасындағы бет еңісінде		
	1:6	1:4	1:3
12	0,9	1,2	1,5
15	1,2	1,8	2,4
18	1,8	2,7	3,6
21	2,1	3,3	4,5
24	2,7	4,2	5,4
30	3,6	5,7	7,5



А суреті – Қия беттегі автомагистральдардың көлденең еңістері

6.1.4 I және II санаттағы жолдардағы қозғалыс жолақтарының саны қозғалыс қарқындылығы мен құрамына, нақты өткізу қабілеттілігіне және жергілікті жердің әр түрлілігіне байланысты жолдың қозғалыстық жүктелуінің рұқсат етілген деңгейіне байланысты техника-экономикалық есеппен белгіленуге тиіс.

7-кесте бойынша қозғалыс қарқындылығына және төңірекке байланысты қозғалыс жолақтарының санын қабылдауға жол беріледі.

7-кесте – I және II санаттағы жолдардағы жолақтар саны

Төңіректің бедері	Бірл./тәул. Келтірілген қозғалыс қарқындылығы	Қозғалыс жолақтарының саны
Жазық, ойлы-қырлы, таулы	10 001 - 40 000	4
	40 001 - 80 000	6
	80 000-нан астам	8
Ойлы-қырлы және таулы жерлердің күрделі телімдері	10 001 - 34 000	4
	34 001 - 70 000	6
	70 000-нан астам	8

6.1.5 Жолдың кезеңдік құрылысы кезінде бөлу жолағының ені, сондай-ақ жасанды құрылыстар мен жер төсемінің параметрлері қозғалыс жолақтарының перспективалық санына есептеледі.

Қозғалыс жолақтары санының кезеңдік өсу мерзімдерін анықтау кезінде белгілі бір кезеңге қол жеткізілген қозғалыс ыңғайлылығы деңгейіне сүйену керек.

Қозғалыс жолақтарының қажетті саны келтірілген жиынтық шығындардың ең төменгі шартынан техника-экономикалық есеппен айқындалады. Бұл ретте жолдың қозғалыспен ұтымды жүктелуі ескеріледі.

8-кестеде қайта құруды талап ететін әртүрлі мақсаттағы жолдардың жұмыс істеуінің шекті шарттарына сәйкес келетін жүктеме коэффициенттерінің шекті мәндері келтірілген.

8 -кесте – Жүктеме коэффициенттерінің шекті мәндері

Автомобиль жолының класы	Санат	Жолдың жүктеме коэффициенті
Автомобиль магистральдары: I және II кластыағы әуежайларға, I және II топтағы теңіз және өзен порттарына кіреберістер	IA	0,60
Басқа автомобиль жолдары, жүрдек жолдар	IA және IB	0,65
Жартылай жүрдек және қарапайым жолдар	IB, II және III	0,70

6.1.6 Автомобиль жолдарында техникалық қызмет көрсетудің алты деңгейі бар, олардың сипаттамалары 9-кестеде келтірілген.

9-кесте – Қызмет көрсету сипаттамалары

Қозғалысқа қызмет көрсету деңгейі	Жүктеме коэффициенті z	Қозғалыс жылдамдығының коэффициенті с	Мол қозғалыс коэффициенті р	Автокөлік ағынының сипаттамасы	Ағын күйі	Жүргізушінің эмоционалды жүктемесі	Жүргізуші жұмысының ыңғайлылығы	Жол жұмысының экономикалық тиімділігі
A	<0,20	>0,90	<0,10	Автокөліктер еркін жағдайда қозғалады, автомобильдер арасында өзара әрекеттесу болмайды	Үлкен жылдамдықтағы жалғыз автомобильдердің еркін қозғалысы	Төмен	Ыңғайлы	Тиімсіз
B	0,20-0,45	0,70-0,90	0,10-0,30	Автокөліктер топтармен қозғалады, көптеген басып озулар жасалады	Автомобильдердің шағын топтармен қозғалысы (2-5 дана). Басып озу ықтимал	Қалыпты	Ыңғайлылық төмен	Тиімділігі аз
C	0,45-0,70	0,55-0,70	0,30-0,07	Ағында көліктер арасында көп арақашықтық бар, басып озуға тыйым салынады	Автомобильдердің үлкен топтармен қозғалысы (5-14 дана). Басып озу қиын	Жоғары	Ыңғайсыз	Тиімді
D	0,70-0,90	0,40-0,55	0,70-1,00	Төмен жылдамдықпен қозғалатын көліктердің үздіксіз ағыны	Төмен жылдамдықтағы автомобильдердің лек қозғалысы. Басып озу мүмкін емес	Өте жоғары	Өте ыңғайсыз	Тиімсіз
E	0,90-1,00	<0,40	1,00	Ағын тоқтаулар арқылы қозғалады, кептелістер пайда болады, өткізу режимінің қабілеті	Тығыз	Өте жоғары	Өте ыңғайсыз	Тиімсіз
F	>1,00	0,30	1,00	Қозғалыстың толық тоқтауы, кептеліс	Өте тығыз	Аса жоғары	Аса ыңғайсыз	Тиімсіз

Қызмет көрсету деңгейлерінің негізгі сипаттамалары: жолдың қозғалыс жүктемесінің коэффициенті (деңгейі) z, жылдамдық коэффициенті с және мол қозғалыс коэффициенті р.

Жүктеме коэффициенті z нақты қозғалыс қарқындылығының жол телімінің нақты өткізу қабілеттілігіне қатынасымен анықталады:

$$z = \frac{N}{P}, \quad (6.1)$$

мұнда N – қозғалыс қарқындылығы, авт./сағ.;

P – жол телімінің нақты өткізу қабілеті, авт./чағ.

Жолдардың әртүрлі жүктемелеріндегі қозғалыс жылдамдығының өзгеруі қозғалыс жылдамдығының коэффициентін бағалайды:

$$c = \frac{V_z}{V_o}, \quad (6.2)$$

мұнда V_z – қарастырылып отырған қызмет деңгейіндегі қозғалыстың орташа жылдамдығы, шқ/сағ.;

V_o – қызмет көрсету деңгейіндегі еркін жағдайдағы қозғалыс жылдамдығы А, шқ/сағ.

Көлік ағындарының тығыздығы мол қозғалыс коэффициентін бағалайды:

$$p = \frac{q_z}{q_{\max}}, \quad (6.3)$$

мұнда q_z – қозғалыстың орташа тығыздығы, авт./шқ;

q_{\max} – қозғалыстық максималды тығыздығы, авт./шқ.

6.1.7 Жолдарды пайдаланудың алғашқы бес жылындағы қозғалыс қарқындылығы 50% және одан да көпке жететін есептік перспективада II санаттағы автомобиль жолдарының жекелеген телімдерінде, жобамен айқындалатын және негізделетін орындарда, сондай-ақ өтпелі-жылдамдық жолақтарын салу көзделмейтін сқұламаларда жол жиегінің нығайтылған бөлігі 9-бөлімде баяндалған жол төсемесіне қойылатын талаптарды сақтай отырып, ені 2,5 м тұрақ жолағы түрінде орындалуы тиіс. Құламалардағы мұндай жолақтардың ұзындығы бөлу телімінің ұзындығын оның енін есептемегенде екі жаққа кемінде 100 м болуы тиіс.

6.1.8 II және III санаттағы екі жолақты жолдардың жобаларында көлік ағынының аралас құрамы кезінде көтерілу телімдерінде 40% тең немесе одан асатын және телімнің ұзындығы 0,5 шқ асатын бойлық еңіс кезінде, сондай-ақ 30%-дан 40% дейінгі бойлық еңіс кезінде және телімнің ұзындығы 1 шқ-нан асатын жүк қозғалысына арналған жүру бөлігінің қосымша жолағын көтеру жағына орнату көзделуі тиіс.

Қосымша жолақтың ені негізгі жолақтың еніне тең болуы керек.

Қосымша жолақ көтерілу басталғанға дейін 50-100 м алдын басталып, 10-кестеде көрсетілгеннен кем емес қашықтықта көтерілуден тыс жерде аяқталуы керек.

10-кесте – Көтерілуден тыс жердегі қосымша жолақтың ұзындығы

Бірл./тәул. келтірілген көтерілу бағытындағы қозғалыс қарқындылығы	4000-нан аз	4000-нан 5000-ға дейін	5000-нан 8000-ға дейін	8000 және одан көп
Көтерілуден тыс жердегі қосымша жолақтың жалпы ұзындығы, м	50	100	150	200

6.1.9 Қосымша жолақтың басында және соңында енді бөлу оның ұзындығы мен енінің арақатынасын 30:1-ге тең етіп, ал тар жағдайда - ұзындығы кемінде 60 м телімде орындалуы керек.

6.1.10 Алгебралық айырмасы 60 және одан асатын бойлық еңістердің телімдерін түйістіретін тік ойыс қисықтардағы жүру бөлігінің ені әр жағынан II және III санаттағы екі жолақты жолдар үшін 0,5 м-ге, ал IV және V санаттағы жолдар үшін - 5-кестеде келтірілген нормалармен салыстырғанда 0,25 м-ге арттыру қажет.

Кеңейтілген жүру бөлігі бар телімдердің ұзындығы тік ойыс қисықтың ұзындығына тең және II және III санаттағы екі жолақты жолдар үшін кемінде 100 м, ал IV және V санаттағы жолдар үшін кемінде 50 м болуы тиіс.

Кеңейтілген жүру бөлігіне өту II және III санаттағы екі жолақты жолдар үшін ұзындығы кемінде 25 м және IV және V санаттағы жолдар үшін 15 м телімде жүзеге асырылуы тиіс.

6.1.11 V санаттағы жол телімдерінде, еңістері 60 % асатын, сондай-ақ гидрологиялық жағдайлары қолайсыз жерлерде бекітілмеген жол жиектері болған кезде жол айырығын көздеу қажет. Жол айырығын салу кезінде көршілес жол айырықтарының тікелей көрінуін қамтамасыз ету қағидатын басшылыққа алу қажет, олардың арасындағы қашықтық 1 шқ-нан аспауы тиіс. Жүру жолақтарының саны, жер төсемі мен жүру бөлігінің геометриялық элементтерінің параметрлері жол айырығының телімінде IV санаттағы жолдарға қойылатын талаптар бойынша тағайындалады. Жол айырығын салу кезінде жер төсемі мен жүру бөлігінің енін бөлу кемінде 10 м қашықтықта жүзеге асырылады.

6.1.12 Таулы жерлердің күрделі телімдерінде, сондай-ақ бағалы жер алқаптары бойынша өтетін телімдерде, тиісті техника-экономикалық негіздеме кезінде өтпелі-жылдамдықты немесе қосымша жолақтарды салу орындарында қозғалысты ұйымдастыру және қауіпсіздік жөніндегі іс-шараларды әзірлей отырып, IA, IB, IB және II санаттағы жолдардағы жол жиектерінің ені 1,5 м-ге және қалған санаттағы жолдарда 1 м дейін дейін азайтуға жол беріледі.

6.1.13 Бөлу жолағын жобалау кезінде жолды одан әрі дамыту перспективасын ескеру және оларды бөлу жолағының енінің бір бөлігіне орналастыру арқылы жолақтар санын одан әрі арттыру мүмкіндігін көздеу

қажет, бұл ретте оның қалған бөлігі 5-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Бөлу жолақтарының беттеріндегі жаңбыр мен еріген судың ағуын қамтамасыз ететін тиісті еңістер болуы тиіс.

6.1.14 Бағалы жерлерде орналасқан жол телімдерінде, таулы жерлердің аса күрделі телімдерінде, салынған аудандарда, үлкен көпірлерде, сондай-ақ тиісті техника-экономикалық негіздеме кезінде басқа да ықпал ететін факторлар болған кезде бөлу жолағының енін жол осі бойынша қоршаулар орнату үшін қажетті мөлшерге дейін азайтуға жол беріледі. Бөлу жолағының енін өзгертуге жолдың қарама-қарсы бағыттарының трассасының қисықтығын өзгерту арқылы жолдың пландағы қисық сызықты телімдерінде ғана жол беріледі.

Бөлу жолағында 2-5 шқ сайын әдетте, төтенше жағдайлар кезінде арнайы мақсаттағы автомобильдердің, жол машиналарының және өзге де техниканың қозғалысын ұйымдастыруға, сондай-ақ жолда құрылыс және пайдалану жұмыстарын орындауға арналған көлік құралдарын кері бұрылуы үшін ұзындығы кемінде 30 м алаңдар көзделеді.

Жолдарды қалыпты пайдалану режимінде олардың рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында алаңдар алынбалы қоршау құрылыстарымен жабдықталуы тиіс.

Бөлек жер төсемі бар автомобиль жолын жобалаған жағдайда, бұрылыс құламаларын 7.2.6-тармақта көрсетілгенге ұқсас параметрлері бар кемінде әрбір 5 шқ сайын қарастыру қажет.

6.1.15 Автожол көпірлері мен жол өтпелеріне кіреберіс телімдерінде тіректердің артқы бетінен кемінде 10 м қашықтықта жер төсемі жолдың әр жағынан қоршаулардың сыртқы беттері арасындағы қашықтықтан кемінде 0,5 м асатын ені бойынша қабылданады. Ұзартылған жер төсеміне көшу ұзындығы кемінде 25 м телімде қабылданады.

6.1.16 Қабылданған жер үсті суларын бұру жүйесін ескере отырып, автомобиль жолының жүру бөлігіне бір еңісті немесе қос еңісті көлденең пішін беру керек.

6.1.17 Жолдың санатына, қозғалыс жолақтарының санына және жобалау ауданының климаттық жағдайларына байланысты пландағы қисық телімдерді қоспағанда, жетілдірілген жол төсемелеріне ие автомобиль жолдарының жүру бөлігінің көлденең еңістері 11-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес тағайындалуы керек.

Жол төсемесінің өтпелі типтерінде 11-кестеде келтірілген көлденең еңістің мәндерін 5-10%-ға арттыру қажет.

11-кесте – Жүру бөлігінің көлденең еңістері

Жолдың санаты	Жүру бөлігінің көлденең пішіні	Қозғалыс жолағы	Әртүрлі жол-климаттық аймақтардағы көлденең еңіс, ‰		
			III	IV	V
IA, IB, IB	қозғалыстың әр бағытында бір еңісті	бөлу жолағынан бірінші және екінші	20	20	15
		бөлу жолағынан үшінші және одан кейінгі	25	25	20
IA, IB, IB	қозғалыстың әр бағытында қос еңісті (бөлек трассалау кезінде)*	жүру бөлігінің осінен бірінші және екінші	20	20	15
		жүру бөлігінің осінен үшінші және одан кейінгі	25	25	20
II, III, IV	Қос еңісті	әрқайсысы	20	20	15

* - әр бағытта 2-3 жолақты бөлек жер төсемі бар I техникалық санаттағы автомобиль жолдарын жобалау кезінде жер үсті суларын бұрудың қабылданған жүйесіне сәйкес әрбір жер төсемінде жүру бөлігінің бір еңісті көлденең пішінін қолдануға рұқсат етіледі

6.1.18 Жүру бөлігінің бір еңісті көлденең пішіні (вираж) IA, IB, IB санаттағы жолдарда радиусы 3000 м-ден кем планда және басқа санаттағы жолдарда 2000 м қисықтарда қарастырылуы тиіс. Қажет болған жағдайда бұрылыс радиустары жоғарыда көрсетілген мәндерден асатын пландағы қисықтарға да орналастырылуы мүмкін.

Вираж еңісінің шамасы жпандағы қисық радиусына және 12-кестеде келтірілген нормаларға сәйкес өңірдің автомобиль жолдарын қысқы пайдалану ерекшеліктеріне байланысты тағайындалады.

12-кесте – Вираждардағы жүру бөлігінің көлденең еңістері

Пландағы қисықтардың радиустары, м	Вираждардағы жүру бөлігінің көлденең еңісі, ‰	
	негізгі, ең көп таралған	көктайғақ жиі болатын аудандарда
IA, IB, IB санаттарындағы жолдарда 3000-нан 1000-ға дейін және басқа санаттағы жолдарда 2000-нан 1000-ға дейін	20-30	
1000-нан 700-ге дейін	30-40	
700-ден 650-ге дейін	40-50	40
650-ден 600-ге дейін	50-60	40
600-ден аз	60	40

6.1.19 Жолдың қос еңісті көлденең пішінінен бір еңісті пішініне өту өтпелі қисықтың ұзындығында, ал ол болмаған кезде - түзу телім планындағы қисыққа іргелес кесіндіде жүзеге асырылуы тиіс.

Бөлу жолағы бар жолдардағы жолдың көлденең пішінінің типін таңдағанда, жер үсті су бұрғыштың жағдайларын ескеру қажет, ал қажет болған жағдайда жолдың және бөлу жолағының бетінен суды бұру бойынша инженерлік шешімдерді қарастыру қажет.

6.1.20 Жолдың санатына және жергілікті жердің бедеріне байланысты виражды бөлу телімінде жүру бөлігінің сыртқы жиегінің қосымша бойлық еңісі мынадай мәндерден аспауы тиіс:

- а) IA, IB, IB және II санаттағы жолдарда – 5 ‰;
- б) III және IV санаттағы жолдарда:
 - 1) жазық жерде – 10 ‰;
 - 2) таулы жерде – 20 ‰;
- в) V санаттағы жолдарда – 20 ‰.

6.1.21 II, III, IV санаттағы автомобиль жолдарының жиектерінде нығайтылған және топырақ бөліктері болуы тиіс. Жол жиегінің нығайтылған бөлігінің құрылымы қажет болған жағдайда қозғалысты әдейі тоқтату кезінде көлік құралдарының мезгіл-мезгіл кіруіне жол беруі тиіс.

IA, IB, IB санаттағы жолдардың жиектерінде нығайтылған бөліктің орнына жол төсемінің құрылымы бар жүру бөлігінің бойында тұрақ жолағын салу қарастырылуы қажет, оның құрылымы көлік ағынының құрамында бар жалғыз автомобильдердің кіруі мен қозғалысына мүмкіндік береді.

6.1.22 Жолдың түзу сызықты телімдеріндегі жол жиектерінің көлденең еңістерін және пландағы қисықтарды виражды болмағанда 10-30 ‰ көп жолдың көлденең еңістерін, ал вираж болған кезде пландағы қисықтарды - жолдың еңісіне тең етіп қабылдау керек. Климаттық жағдайларға, жер төсемінің топырағына және нығайту түріне байланысты нығайтылған жол жиектерінің көлденең еңістерінің келесі мәндеріне жол беріледі:

- тұтқырғышты қолдану арқылы нығайту кезінде - 30-40 ‰;
- қиыршық таспен, шағыл таспен, қожбен нығайтылған немесе тас материалдармен және бетон тақталармен төселген кезде - 40-60 ‰;
- шымтезек немесе шөптермен нығайтылған кезде - 50-60 ‰.

Қар жамылғысының ұзақтығы қысқа және көктайғақ жоқ аудандар үшін шымтезекпен нығайтылған жол жиектері үшін 50-80 ‰ еңіс рұқсат етілуі мүмкін.

Ірі және орташа түйіршікті құмдардан, сондай-ақ, ауыр сазды топырақтар мен саздардан салынған жер төсемін төсеу кезінде шөптерді себу арқылы нығайтылған жол жиектерінің еңісін 40 ‰ тең қабылдауға рұқсат етіледі.

6.1.23 Пландағы радиустары 1000 м және одан аз қисықтарда дөңгелектеудің ішкі жағынан жүру бөлігі кеңейтіледі. Екі жолақты автомобиль жолдарының дөңгелектеріндегі толық кеңею шамасы 13-кестеге сәйкес радиусқа байланысты қабылдануы керек.

13-кесте - Екі жолақты автомобиль жолдарының жүру бөлігін кеңейту

Пландағы қисықтардың радиусы, м	Кеңейту шамасы, м, қозғалыс құрамында алдыңғы бамперден артқы оське дейінгі арақашықтығы бар автомобильдер мен автопоездар болған кезде, м			
	11-ге дейін	11-ден 13-ке дейін	13-тен 15-ке дейін	15-тен 18-ге дейін
1000	-	-	-	0,4
850	-	0,4	0,4	0,5
650	0,4	0,5	0,5	0,7
575	0,5	0,6	0,6	0,8
425	0,5	0,7	0,7	0,9
325	0,6	0,8	0,9	1,1
225	0,8	1,0	1,0	1,5
140	0,9	1,4	1,5	2,2
95	1,1	1,8	2,0	3,0
80	1,2	2,0	2,3	3,5
70	1,3	2,2	2,5	-
60	1,4	2,8	3,0	-
50	1,5	3,0	3,5	-
40	1,8	3,5	-	-
30	2,2	-	-	-

Ескертпелер:

1. Пландағы қисық радиусы 4-кестеде көрсетілгеннен басқаша болса, жүру бөлігінің толық кеңейту шамасын радиустың ең жақын кіші кестелік мәні бойынша белгілеу керек.
2. Жолақтардың басқа санында жолдарда жүру бөлігін толық кеңейту шамасын кестелік мәнді нақты жолақтар санын 2-ге бөлудің мәніне тең коэффициентке көбейту арқылы алуға болады.

Пландағы қисықтардағы жүру бөлігін кеңейту, серпантиндерді қоспағанда қисықтың ішкі жағынан жиектің есебінен, жиектің қалған бөлігінің ені I және II санаттағы жолдар үшін кемінде 1,5 м және қалған санаттағы жолдар үшін кемінде 1 м болатындай етіп орындалады. Егер бұл ретте жүру бөлігін толық кеңейтуге қол жеткізілмесе, онда одан әрі кеңейту жүзеге асырылады:

- жазық жерлерде - жер төсемін кеңейту есебінен; және
- таулы жерлерде, сондай - ақ бағалы жер телімерінде және салынған аумақтарда - сыртқы жолдың қалған бөлігінің еніне осы тармақтың жоғарыда келтірілген талаптарын сақтай отырып, сыртқы жолдың есебінен алып тастау тәртібімен. Бұл ретте, егер жол жиектерінің ені жүру бөлігін толық кеңейтуге мүмкіндік бермесе, онда жер төсемінің тиісті кеңеюі көзделеді.

Жүру бөлігін кеңейту өтпелі қисықтың басынан қашықтыққа пропорционалды түрде орындалуы керек, осылайша толық кеңейту шамалары дөңгелек қисықтың басына жетеді. Соңғысының ұзындығында жүру бөлігін кеңейту шамасы тұрақты болып қалады.

Жол бөлігін 2-3 м-ден астам кеңейте отырып, пландағы қисықтарды қолданудың орындылығы жобада нұсқаларды жоспардағы әртүрлі қисық

радиустармен және қажетті кеңейтудің басқа шамаларымен салыстыру арқылы негізделуі керек.

6.2 План және бойлық пішін

6.2.1 Геометриялық элементтер автомобиль жолының кеңістіктік тегістігі мен көрнекі айқындығын, оның қоршаған ландшафтпен үйлесімді үйлесуін қамтамасыз етуі керек, ол үшін:

- тұрақты немесе өзгермелі қисықтық қисықтары панның тәуелсіз элементтері ретінде немесе бір-бірімен түйісу жолының айналу бұрыштарына енгізілуі керек;

- I, II, III санаттағы жаңа автомобиль жолдарын салуға, сондай-ақ I санаттағы автомобиль жолдарын қайта құруға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде бойлық пішіндегі қисықтар түйісетін телімдердің алгебралық айырмашылығына қарамастан тұрақты немесе өзгермелі қисықтықтың тік қисықтарымен жалғау керек. IV - V санаттағы автомобиль жолдарын салуға арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде бойлық пішіндегі сынықтарды еңіс айырмасы 20 және одан жоғары болған кезде тұрақты немесе ауыспалы сынықтың тік қисықтарымен ұштастырған жөн;

- жолдың түзу және қисық сызықты бөліктері ұзындығы бойынша бір-біріне пропорционалды болуы керек, ал пландағы іргелес қисықтардың радиустары бір-бірінен 1,3 еседен артық ерекшеленбеуі керек.

6.2.2 Жолдың бүкіл бойында көлік ағыны қозғалысының жылдамдығы мен қауіпсіздігінің қолайлы жағдайларының салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз ету, жүргізушілер таңдайтын қозғалыс режимдеріне жол жағдайларымен байланысты шектеулерді азайту мақсатында, сондай-ақ перспективалық кезеңнен тыс жолды кейіннен қайта құру мүмкіндігін ескере отырып, автомобиль жолының планы мен бойлық пішінінің геометриялық элементтерінің негізгі параметрлері ретінде мыналарды қабылдау қажет:

а) жол бетінің көріну қашықтығы - кемінде 450 м;

б) қарапайым жолдарда қарсы келе жатқан автомобильдің көріну қашықтығы - кемінде 750 м;

в) пландағы қисық радиусы - кемінде 3000 м;

г) бойлық пішіндегі қисық радиусы:

1) бойлық пішіндегі дөңес сынықтарда - кемінде 70000 м,

2) бойлық пішіндегі ойыс сынықтарда - кемінде 8000 м;

д) бойлық пішіндегі қисық сызықты телімнің ұзындығы:

1) дөңес - кемінде 300 м,

2) ойыс - кемінде 100 м;

е) бойлық еңіс – 30 ‰ көп емес.

Трасса трасса планының элементтері мен бойлық пішінінің жобалық сызығының есептік қозғалыс жылдамдығын ескере отырып, тегіс түйісу жағдайында салынады. План мен пішінді жобалау кезінде жолды қайта құру

мүмкіндігін ескеру керек және жолдың ең аз рұқсат етілген параметрлерін қабылдамау керек.

6.2.3 Жергілікті жердің жағдайлары немесе өзге де объективті мән-жайлар бойынша 6.2.2 талаптарын техникалық, экономикалық, экологиялық немесе өзге де тұрғыдан орындау орынсыз деп танылған жағдайларда, панның жекелеген геометриялық элементтерін және автомобиль жолының бойлық пішінін жобалау нормаларына қойылатын талаптарды қозғалыстың есептік жылдамдығын негізге ала отырып төмендетуге жол беріледі.

6.2.4 6.2.3-де баяндалған жағдайларда пайдалануға арналған автомобиль жолының геометриялық элементтерінің рұқсат етілген параметрлері 14-кестеде қозғалыстың есептік жылдамдығының әртүрлі мәндері үшін келтірілген.

14-кесте - Автомобиль жолдарының планы мен бойлық пішінінің геометриялық элементтерінің рұқсат етілген параметрлері

Есепті қозғалыс жылдамдығы, шк/сағ.	Ең үлкен бойлық еңістер, %	Көрінудің ең аз қашықтығы, м		Қисықтардың ең кіші радиустары, м				
		тоқтау үшін	қарсы автомобиль	планда		бойлық пішінде		
				негізгі	таулы жер	дөңес	ойыс	
							негізгі	таулы жер
150	30	300	-	1200	1000	30000	8000	4000
120	40	250	450	800	600	15000	5000	2500
100	50	200	350	600	400	10000	3000	1500
80	60	150	250	300	250	5000	2000	1000
60	70	85	170	150	125	2500	1500	600
50	80	75	130	100	100	1500	1200	400
40	90	55	110	60	60	1000	1000	300
30	100	45	90	30	30	600	600	200

Ескертпелер:

1. Жол телімдерін қайта құру кезінде іргелес телімдердегі есептік жылдамдықтар 15% - дан артық ерекшеленбеген жағдайда, неғұрлым жоғары есептік жылдамдықтар қабылдануы мүмкін.
2. Шекті нормаларды қолдану кезінде кестеде көрсетілген тік қисықтардың ұзындығын радиустар мен бойлық еңістердің қабылданған мәндеріне сәйкес азайтуға жол беріледі.
3. Автомобиль жолдарын қайта құру және күрделі жөндеу жағдайларында, автомобиль жолдарының қиылыстары мен түйіскен жерлерінің құламаларында, қиылысқан және таулы жерлердің күрделі телімдерінде, салынған аудандарда, бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарында және оларға теңестірілген басқа да аумақтарда жолдарды салу кезінде пландағы қисықтардың ең аз радиусын 6.1 бойынша есептеумен негіздеуге жол беріледі.

Таулы және қиылысқан жерлердің күрделі телімдерінде бөлек жүру бөліктері бар I санаттағы жолдарда түсуге арналған бойлық еңістерді 14-кестеде белгіленген нормаларға қарсы арттыруға рұқсат етіледі, бірақ 20 %-дан аспауы қажет.

6.2.5 Пандағы қисықтардың ең кіші радиустарын формула бойынша есептеумен негіздеуге жол беріледі:

$$R = \frac{v^2}{127(\mu \pm i_{n.n})}, \quad (6.1)$$

мұнда v – есепті жылдамдық, шк/сағ.;

μ - формула бойынша анықталған көлденең күш коэффициенті:

$$\mu = 0,2 - 7,5 \times 10^{-4} \times v, \quad (6.2)$$

мұнда $i_{n.n}$ – жүру бөлігінің бірлік үлесіндегі көлденең еңісі «плюс» белгісі бар вираж үшін, қос еңісті көлденең пішін үшін «минус» белгісі қабылданады.

6.2.6 «Ландшафттық жобалау» кіші бөлімінде көрсетілген нұсқауларды ескере отырып, өтпелі қисықтар 2000 м және одан аз радиустары бар пландағы қисықтарда көзделеді.

Өтпелі қисықтың ұзындығы дөңгелек қисыққа байланысты 15-кесте бойынша қабылданады.

15-кесте – Өтпелі қисықтың ұзындығы

Дөңгелек қисық радиусы, м	30	50	60	80	100	150	200	250	300	400	500	600-1000	1000-2000
Өтпелі қисықтың ұзындығы, м	30	35	40	45	50	60	70	80	90	100	110	120	100

Күрделі жағдайларда (қиылысқан және таулы жерлердің күрделі телімдері, салынған аумақтар, бағалы ауыл шаруашылығы алқаптары, күрделі жөндеу және қайта құру шарттары) өтпелі қисықтың ең аз ұзындығын, м, формула бойынша айқындауға жол беріледі:

$$L = \frac{v^3}{47 \times I \times R}, \quad (6.3)$$

мұнда v - қозғалыстың есепті жылдамдығы, шк/сағ.;

R - өтпелі қисықпен біріктірілген пландағы қисықтың радиусы, м;

I - орталықтан тепкіш үдеудің өсу қарқыны, м/с³, ол келесілерге тең:

0,3 - 300 м және одан көп қисық радиустар үшін;

0,4 – сондай және 300 м-ден аз.

Жолдарды күрделі жөндеу және қайта құру кезінде, сондай-ақ таулы жағдайларда осы мәндерді келесі мәндерге дейін арттыруға жол беріледі:

0,5 - 300 м және одан көп қисық радиустар үшін;

0,7 - сондай 150 м-ден жоғары 300 м-ге дейін;

0,9 - 150 м-ге дейін, қоса алғанда.

Өтпелі қисықтың көмегімен бір жаққа бағытталған дөңгелек қисықтар түйіскен кезде өтпелі қисық телімінің ең кіші ұзындығын, м, формула бойынша анықтау керек:

$$L = \frac{v^3}{47 \times I} \left(\frac{1}{R_1} - \frac{1}{R_2} \right), \quad (6.4)$$

мұнда R_1, R_2 - өтпелі қисықпен біріктірілген пландағы қисықтардың радиустары, м.

6.2.7 Кіші радиустардағы пландағы қисықтарда ең үлкен рұқсат етілген бойлық еңіс шамасын 16-кестеге сәйкес азайтуға болады.

16-кесте - Кіші радиустардағы пландағы қисықтарда ең үлкен рұқсат етілген бойлық еңіс шамасын азайту

Пландағы қисықтың радиусы, м	50	45	40	35	30
Нормаларға қарсы ең үлкен бойлық еңістерді азайту %, кем емес	10	15	20	25	30

6.2.8 Пландағы қисықтарда жабық төңіректе дөңгелектердің ішкі жағындағы көрінуді кесу шекарасын есептеу немесе графоаналитикалық әдіспен анықтайды және қажет болған жағдайда ойықтың еңісін кесуді, жер бедерін ормандар мен бұталардан тазартуды, құрылыстарды ауыстыруды және осы дөңгелектегі көрінуді қамтамасыз ету бойынша өзге де жұмыстарды орындауды көздейді. Бұл ретте қазба беткейлерін кесу және ормандар мен бұталардан тазарту жұмыстары жер төсемі жиегінің деңгейіне дейін жүзеге асырылады.

6.2.9 Тау жолдарында жер бедерінің биіктік сипаттамаларына және еңіс шамасына байланысты бойлық еңісі бар телімнің ұзындығы 17-кестеде келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

17-кесте – Ұзақ еңісті телімдердің рұқсат етілген ұзындығы

Бойлық еңіс, %	Телімнің ұзындығы, м, теңіз деңгейінен жоғары биіктікте, м			
	1000	2000	3000	4000
60	2500	2200	1800	1500
70	2200	1900	1600	1300
80	2000	1600	1500	1100
90	1500	1200	1000	-

6.2.10 Таулы жерлердің күрделі телімдерінде ұзына бойлық беткейлері 60 % асатын ұзын бойлық еңістері автомобиль қозғалтқышының жұмыс

режимінің өзгеруін, ал қажет болған жағдайда автомобильдің тоқтауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бойлық еңісі аз (20 % және одан аз болғаны жақсы) кейінгі жұмсақ еңістермен кезектесуі тиіс. Осы мақсаттар үшін жобада автомобильдердің тоқтауына арналған алаң қарастырылуы мүмкін.

Көлік құралдарының тоқтауына арналған алаңдардың мөлшері қозғалыс қарқындылығы мен құрамына байланысты кемінде 3-5 жүк көлігін орналастыруды қамтамасыз ету қажет. Олардың орналасқан жерін таңдау жол пайдаланушылары үшін қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, төңірек жағдайларымен анықталады. Аялдама алаңдарын сызықтық үлгідегі немесе жолға тікелей жақын орналасқан қысқа мерзімді демалыс орындарымен біріктіруге жол беріледі.

Көлбеуі 50 % асатын ұзын түсулердің соңғы бөліктерінде апатқа қарсы құламалар қарастырылуы қажет. Оларды пландағы жанама қисық бағыты бойынша кіші радиустарды дөңгелектеу алдында, ал түсу пландағы түзу сызықты телімдерінде - жол осіне кішігірім бұрышта жолдың бүйірінен оң жақтан орналастыруға болады.

Апаттық құламаны жобалау кезінде жолда тежегіш жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда автомобильдің энергиясын тиімді сөндіру үшін жер бедері мен жол төсемесі құрылымының мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажет. Апатқа қарсы құламалар элементтерінің параметрлері автопоездың қауіпсіз тоқтау шартымен анықталады.

6.2.11 Серпантинді жобалау нормалары 18-кесте бойынша қабылданады.

18-кесте - Серпантинді жобалау нормалары

Серпантин элементтерінің параметрлері	Есепті қозғалыс жылдамдығындағы серпантинді жобалау нормалары, шк/сағ.		
	30	20	15
Плантағы қисықтардың ең кіші радиусы, м	30	20	15
Виждағы жүру бөлігінің көлденең еңісі, ‰	60	60	60
Өтпелі қисықтың ұзындығы, м	30	25	20
Жүру бөлігінің кеңеюі, м	2,2	3,0	3,5
Серпантин шегіндегі ең үлкен бойлық еңіс, ‰	30	35	40
Ескертпе - Радиусы 30 м-ден кем серпантиндерге ұзындығы 11 м-ден асатын автопоездардың жүруіне тыйым салу кезінде IV және V санаттағы жолдарда ғана жол беріледі.			

6.2.12 Серпантиндер жақын орналасқан кезде бір серпантин көмекші қисығының соңы мен екіншісінің көмекші қисығының басы арасындағы қашықтық мүмкіндігінше үлкен болуы керек, бірақ II және III санаттағы жолдар үшін кемінде 400 м, IV санаттағы жолдар үшін 300 м және V санаттағы жолдар үшін 200 м болуы керек.

6.2.13 Серпентиндердегі жүру бөлігін кеңейту үшін сыртқы жиектің ені 0,5 м-ге дейін пайдалануға рұқсат етіледі, ал қалған кеңейту ішкі жиек пен жер төсемін қосымша кеңейту есебінен көзделуі керек.

6.3 Ландшафттық жобалау

6.3.1 Жолдың трассасын тегіс кеңістіктік сызық ретінде жобалауға болады, оның элементтері бір-бірімен және аймақтың қоршаған ландшафтымен үйлесімді болуы және олардың қозғалыс жағдайларына және жолдың көрнекі қабылдауына әсер етуі үшін жобалау шешімдерінің нұсқаларын бағалайды. Жолдың геометриялық элементтерінің параметрлері, олардың өзара үйлесуі төңіректің негізгі формаларының өзгеру заңдылықтарына сәйкес келеді.

Жолдың тегістігін қамтамасыз ету үшін ландшафттық жобалау қағидаттарын сақтау және план элементтері мен бойлық пішіннің оңтайлы үйлесімділігін пайдалану қажет.

Планның геометриялық элементтерінің, бойлық және көлденең пішіндердің параметрлері жеке немесе бір-бірімен өзара үйлесімде жолдың одан әрі бағытының көрнекі айқындығын, оның ішінде нақты көрінуден тыс, олардағы қозғалыс жағдайлары туралы алдамшы түсінік қалыптастыратын телімдердің болмауын қамтамасыз етеді.

Жолдың тегістігі мен көрінудің айқындылығын бағалау, әдетте, жолдың перспективалық кескіндерін салу арқылы тексеріледі.

Шағын радиустар пландағы қисықтар шегінде рұқсат етілген бойлық еңістің шамасын 16-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес төмендету керек.

Іргелес серпантиндердің көмекші қисықтар арасындағы қашықтық төмендегі мәндерден көп, бірақ олардан кем емес болмауы қажет:

- а) II және III санаттағы жолдарда 400 м;
- б) IV санаттағы жолдарда 300 м;
- в) V санаттағы жолдарда 200 м.

Жер бедерінің көлбеу шамасына және биіктік сипаттамаларына байланысты бойлық еңісі бар телімдердің ұзындығы 19-кестеде келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

19-кесте - Ұзақ бойлық еңістері бар телімдердің рұқсат етілген ұзындығы

Бойлық еңіс, %	Ұзартылған бойлық беткейлері бар утелімдердің рұқсат етілген ұзындығы, м, теңіз деңгейінен жоғары биіктікте, м			
	1000	2000	3000	4000
60	2500	2200	1800	1500
70	2200	1900	1600	1300
80	2000	1600	1500	1100
90	1500	1200	1000	-

6.3.2 Жолдың бұрылу бұрыштарының шыңдары мен бойлық пішіндегі сынықтар, әдетте, біріктірілуі керек. Қисықтарды пландағы бойлық пішіндегі тұрақты еңісі бар утелімдерде орналастыруға жол берілмейді.

Пладағы қисықтар тұрақты (дөңгелек қисықтар) немесе қисықтық радиусының айнымалысы (клотоидтар) болуы мүмкін. Пландағы қисық радиусты тағайындау кезінде үлкен параметрлердің клотоидтарына артықшылық беру керек, ал оларды пайдалану мүмкін болмаған немесе орынсыз болған жағдайда, радиусы 3000 м немесе одан да көп дөңгелек қисықтарға артықшылық беру керек.

Бойлық пішіннің дөңес сынықтарында пландағы қисықтар бойлық пішіндегі қисықтардан 100-150 м ұзынырақ болуы керек және қозғалыстың әрбір бағыты үшін жол санатына және пландағы қисық радиусына байланысты тік қисықтан кемінде 20-100 м ерте басталуы керек. Тік қисық ұзындығының 1/4 аспайтын бойлық пішіннің дөңес сынуына қатысты трассаның айналу бұрышының жоғарғы жағының ығысуына жол беріледі.

Пандағы қисықтар мен тік ойыс қисықтардың ұзындығы бірдей болуы керек. Бұл қисықтардың бір-біріне қатысты ығысуы сөзсіз болған кезде, солға бұрылу бұрышына ие пландағы қисық бойлық пішін сынығына дейін тік ойыс қисықтың төмен түсетін тармағында орналасуы керек.

Жолдарды қайта құру жобаларында бойлық пішіндегі қисықтардың басталуымен пландағы қисықтардың ұштарын біріктіруден аулақ болу керек. Олардың арасына ұзындығы кемінде 150 м түзу кірістіруді орналастыру керек, егер пландағы қисық түсудің соңында ұзындығы 500 м-ден асатын және 30-дан асатын еңіс болса, оның радиусы, әдетте, кем дегенде 1,5 есе ұлғайтылуы керек.

Жаңа жол жобаларында пландағы түзулердің ұзындығы, әдетте, 20-кестеге сәйкес шектелуі керек.

Жолдың бүкіл ұзындығындағы іргелес түзу және қисық телімдердің ұзындығының табиғи және бірқалыпты өзгеруі мүмкін.

20-кесте – Пандағы түзулердің шекті ұзындығы

Жолдың санаты	Пандағы түзулердің шекті ұзындығы, шк	
	жазық жерде	ойлы-қырлы жерде
I	3,5-5	2-3
II, III	2-3,5	1,5-2
IV, V	1,5-2	1,5

Ескертпе - Түзу сызықтардың үлкен ұзындықтары негізінен жеңіл қозғалыста, ал кішілері жүк тасымалында рұқсат етіледі.

6.3.3 Жаңа жолдарды жобалау кезінде пландағы іргелес қисықтардың радиустары 1,3 еседен аспауы керек. Іргелес өтпелі қисықтардың параметрлерін қисықтар біріктірілген кезде бірдей етіп тағайындау ұсынылады.

6.3.4 Пандағы жолдың кіші бұрылу бұрыштарында радиустары 21-кестеде көрсетілгеннен кем емес клотоидтарды немесе дөңгелек қисықтарды қолдану ұсынылады.

21-кесте – Кіші бұрылу бұрыштарындағы пландағы қисықтар радиустары

Бұрылу бұрышы, град.	1	2	3	4	5	6	7-8
Дөңгелек қисықтың ең кіші радиусы, мың м	30	20	10	6	5	3	2,5

6.3.5 Пандағы бір бағытқа бағытталған екі қисық арасындағы қысқа түзу кірістіруді қолдану ұсынылмайды. Оның ұзындығы 100 м-ден аз болса, екі қисықты да үлкен радиустың бір қисығымен ауыстыру ұсынылады, ұзындығы 100-300 м болса, үлкен параметрдің өтпелі қисығымен тікелей кірістіру ұсынылады. Трассаның дербес элементі ретінде тікелей енгізуге ұзындығы 700 м-ден асатын I және II санаттағы жолдар үшін, III және IV санаттағы жолдарда 300 м-ден асатын жолдар үшін жол беріледі.

6.3.6 Бойлық пішінде ұзын түзулерді кірістірулерге жол бермеу керек. Олардың шекті ұзындықтары іргелес тік ойыс қисығының радиусына және ойыс еңістерде алгебралық айырмашылығына байланысты 22-кестеде келтірілген.

22-кесте - Тік кірістірудің ең үлкен ұзындығы

Бойлық пішіндегі ойыс қисық радиусы, м	Бойлық еңістердің алгебралық айырмашылығы, ‰						
	20	30	40	50	60	80	100
	бойлық пішіндегі тікелей кірістірудің ең үлкен ұзындығы, м						
	I және II санаттағы жолдар үшін						
4000	150	100	50	0	0	0	-
8000	360	250	200	170	140	110	-
12000	680	500	400	350	250	200	-
20000	-	-	850	700	600	550	-
25000	-	-	-	-	900	800	-
	III және IV санаттағы жолдар үшін						
2000	120	100	50	0	0	0	0
6000	550	440	320	220	140	60	0
10000	-	-	680	600	420	300	200
15000	-	-	-	-	-	800	600

6.4 Жаяужолдар мен велосипед жолдары

6.4.1 Жаяужолдар мен жаяу жүргіншілер жолдары елді мекендер арқылы өтетін қатты жамылғысы бар жолдарда орналастырылады.

6.4.2 Қалалық типтегі елді мекендерде жаяужолдар қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлауға және салуға арналған нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес орналастырылады.

6.4.3 Жаяужолдар жолдың екі жағына, ал бір жақты құрылыс кезінде - бір жағына орналастырылады.

6.4.4 Жаяу жүргіншілер жолдары жер төсемінің шетінде орналасады.

6.4.5 Жоғары үйінділер немесе терең ойықтар кезінде, сондай-ақ бастпақты телімдер арқылы жолдың өтуі кезінде қатты кедір-бұдырлы жерлерде жаяу жүргіншілер жолдары жол қоршауларының көмегімен жол жиектерінен кемінде 2,5 м қашықтықта себілмелі кемерлердегі еңістерде орналастырылуы мүмкін.

6.4.6 Жаяужолдар мен жаяу жүргіншілер жолындағы жаяу жүргіншілер жолақтарының саны жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығына байланысты.

Қарбалас уақытта жаяу жүргіншілер қозғалысының жиынтық (екі бағытта) қарқындылығы 50 адамға/сағ дейін болғанда, жаяужолда бір қозғалыс жолағы, 1000 адамға/сағ дейін болғанда - кемінде екі қозғалыс жолағы болуы мүмкін.

Жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығы 1000 адам/сағ. асатын болса, қозғалыс жолақтарының санын әр мың адамға бір жолаққа көбейту керек.

6.4.7 Екі және одан көп жолағы бар жаяужолдың (жаяу жүргіншілер жолының) бір жолағының ені кемінде 0,75 м болуы тиіс, бір жолақты жаяу жүргіншілер жолының ең аз ені кемінде 1,0 м болуы тиіс.

6.4.8 Еңістерде 80%-дан астам жаяу жүргіншілер жолын бойлық пішінінде 80%-дан аспайтын еңістері бар, бір-бірімен кемінде үш сатылы марштары бар баспалдақтармен жалғанған және еңістің тіктігі 1:2,5 аспайтын жекелеген телімдер түрінде орындауға рұқсат етіледі.

6.4.9 Қалалық типтегі елді мекендерде жаяужолдар бойында жаяу жүргіншілер қоршаулары немесе жаяу жүргіншілерді жүру бөлігінен бөлетін бұталарды үздіксіз отырғызу ұйымдастырылады. Бұтаның биіктігі 0,8 м аспауы керек.

Жаяу жүргіншілер өткелдері

6.4.10 Елді мекендердегі автомобиль жолдары арқылы өтетін жаяу жүргіншілер өткелдері 200-300 м сайын орналастырылады, ұзындығы 0,5 шқ-ға дейінгі елді мекендерде 150-200 м аралықпен екі жаяу жүргіншілер өткелінен аспайды.

6.4.11 Елді мекендерден тыс жерлерде жаяу жүргіншілер өткелдері тамақтану және сауда пункттері, медициналық және ойын-сауық мекемелері және осы мекемелерге апаратын жаяужолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарына қарама-қарсы қозғалысқа қызмет көрсететін басқа да нысандар орналасқан жерлерде орналастырылады.

Елді мекендерден тыс жерде жердегі жаяу жүргіншілер өткелдерінің орындары жолдың екі жағынан кемінде 150 м қашықтықта қаралуы тиіс.

6.4.12 Жаяу жүргіншілер өткелінің түрі ГОСТ 32944 талаптарына сәйкес автомобиль N_a және жаяу жүргіншілер қозғалысы $N_{пеш}$ қарқындылығының шамасы мен арақатынасына байланысты таңдалады.

Жаңадан салынып жатқан және қайтақұрылған I санаттағы жолдар үшін жаяу жүргіншілер өткелдері тек жол бөлігі бар әртүрлі деңгейлерде жобаланады.

6.4.13 II-IV санаттағы жолдар үшін жүру бөлігінен тыс жаяу жүргіншілер өткелдері ГОСТ 32944 талаптарына сәйкес көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысымен жолдарды тиеудің перспективалық коэффициенті 0,9-ға тең немесе одан жоғары болған кезде көзделуі тиіс.

6.4.14 Қолданыстағы автомобиль жолдарындағы жүру бөлігінен тыс жаяу жүргіншілер өткелдерін бағдаршамдық реттеу нұсқасымен салыстырғанда осындай шешімнің техника-экономикалық негіздемесі негізінде ГОСТ 32944 талаптарына сәйкес орнату керек.

6.4.15 Жерасты жаяу жүргіншілер өткелі тоннелінің жалпы ені 2000 адам/сағ. тең, бірақ 3 м кем емес бір жолақтың максималды өткізу қабілеттілігі есебінен белгіленеді.

Жер үсті жаяу жүргіншілер өткелі көпірінің жалпы ені 2000 адам/сағ. тең, бірақ 3 м кем емес бір жолақтың максималды өткізу қабілеттілігінен есептеледі.

Жүру бөлігіндегі жаяу жүргіншілер өткелінің ені әрбір 500 адам/сағ. үшін 1 м есебінен жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығын ескере отырып белгіленеді, бірақ кемінде 3 м болуы қажет.

Жаяу жүргіншілер өткелінің ені жаяу жүргіншілер өткелінің жалғасы болып табылатын жаяу жүргіншілер жолының (жаяужолдың) енінен кем болмауы тиіс.

6.4.16 Жаяу жүргіншілер өткелдері жол белгілерімен, таңбалармен, ал тарату желілерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда - стационарлық сыртқы жарықтандырумен жабдықталуы тиіс.

Жүру бөлігінің ені 15 м және одан асатын жолдарда жердегі жаяу жүргіншілер өткелдері қауіпсіздік аралдарымен жабдықталуы тиіс.

6.4.17 Бағдаршаммен реттелетін жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерінің жанында жолдың екі жағынан жаяу жүргіншілер өткелінің екі жағына кемінде 50 м қашықтықта қоршау үлгісіндегі жаяу жүргіншілер қоршаулары орнатылуы тиіс. Бөлу жолағы бар жолдарда көшеден тыс жаяу жүргіншілер өткелдері (жер асты және жер үсті) орналасқан жерлерде жаяу жүргіншілер өткелінің екі жағындағы бөлу жолағында ұзындығы кемінде 20 м тор түріндегі жаяу жүргіншілер қоршаулары немесе қоршаулар орнатылуы тиіс (бөлу жолағында автомобильдерге арналған ұстап тұратын қоршаулар болмаған кезде).

Велосипед жолдары

6.4.18 Велосипед жолдары жеке жер төсемінде, жолдың жүру бөлігінің сыртында, үйінділердің табанында, ойықтардың сыртында немесе арнайы орналастырылған кемерлерде орналастырылады.

Жасанды құрылыстарға кіреберістерде велосипед жолдары оларды жүру бөлігінен қоршаулармен немесе бөлу жолақтарымен бөле отырып, жол жиегіне орналастырылуы мүмкін. Велосипед жолдарының негізгі параметрлері 23-кестеде келтірілген.

Көлденең пішіндер еніне қарай және су бұрғышты ескере отырып, бір немесе екі еңісті етіп жасалады.

23-кесте - Велосипед жолдарының негізгі параметрлері

Нормаланатын көрсеткіш	Ұсынылған мәндер		
	жаңадан салу кезінде	Минималды, абаттандыру кезінде және тар жағдайларда	саябақ аймағы үшін
Есепті қозғалыс жылдамдығы, шк/сағ.	25	15	15
Жүру бөлігінің ені, м, қозғалыстар үшін:			
бір жолақты біржақты	1,0	0,75	0,75-1,0
екі жолақты "-"	1,75	1,50	1,5-1,75
екі жолақты жан-жақты	2,50	2,00	2,00-2,50
екі қозғалыс түрін де бөлетін вело - жаяу жүргіншілер жолы	4,00 < 1 >	3,25 < 1* >	4,00 < 1 >
екі қозғалыс түрін де бөлмей велосипедпен жүру жолы	2,50 < 2 >	2,00 < 2* >	2,00-2,50
велосипед жолағы	1,20	0,90	0,90
жол жиектерінің ені, м	2,50 0,25-0,30	0,25-0,30 0,50-0,75	0,25-0,30 0,50-0,75
пландағы қисықтардың ең кіші радиусы, м:			
вираж болмаған жағдайда	75	50	30
- "-" болғанда "-"	20	10	10
Тік қисықтардың ең кіші радиусы, м:			
дөңес	500	400	250
ойыс	150	100	70
Ең үлкен бойлық еңіс, ‰	60	70	90
Жүру бөлігінің көлденең еңісі, ‰	15-20	15-20	15-20
Вираждың еңісі, ‰, радиуста:			
10-20 м	≥ 40	30	30
20-50 м	30	20	20
50-100 м	20	15-20	15-20
Биіктігі бойынша габариттік өлшем, м	2,50	2,25	2,25
Кедергіге дейінгі ең аз қашықтық, м	0,50	0,50	0,50
Ескертпелер: 1. Жаяу жүргіншілер жолының ені 1,5 м, велосипед жолы 2,5 м. 2. Жаяу жүргіншілер жолының ені 1,5 м, велосипед жолы 1,75 м. 3. Қозғалыс қарқындылығы 30 вел./сағ. және 15 жауа жүрг./сағ. аспайтын қарқындылықта 4. Қозғалыс қарқындылығы 30 вел./сағ. және 50 жауа жүрг./сағ. аспайтын қарқындылықта			

6.4.19 Бойлық еңістерге байланысты көтерілістердің ұсынылатын ұзындығы 24-кестеде келтірілген.

24-кесте - Көтерілістердің ұсынылатын ұзындығы

Велосипед жолының бойлық еңісі, ‰	70	60	50	40	30
Көтерілістің ұсынылатын ұзындығы, м	< 30	40-60	70-130	150-250	250-500

≤ 20 ‰ бойлық еңісте көтерілістің ұзындығы нормаланбайды.

Ұзындықтардың минималды мәндері жаңа құрылысқа сәйкес келеді, максимум - абаттандыру кезінде, тар жағдайларда және велосипед жолақтары үшін.

6.4.20 Жүру бөлігінің орташа жарықтығы 0,15-0,25 кд/м² немесе велосипед жолының осі бойымен 3,4-3,9 лк орташа жарықтығы кезінде көріну қашықтығы 10-30 м қамтамасыз етіледі, бұл велосипедшілерге тәуліктің қараңғы уақытында қозғалыс жасауға мүмкіндік береді.

Қиылыстар аумағындағы велосипед жолдары автомобиль жолымен қиылыстан кемінде 60 м қашықтықта жарықтандырылуы тиіс.

